



ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП 2015

 **ҚАЗАГРОҚАРЖЫ**



«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП
2015

МАЗМҰНЫ

Директорлар кеңесі төрағасының алғы сөзі	4
Басқарма төрағасының алғы сөзі	6
2015 жылғы маңызды оқиғалардың күнтізбесі	8

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

Даму тарихы	11
-------------	----

ӨНІМДЕР

Қаржылық өнімдер	12
Қаржылық өнімдер	13
Өтінімнен жобаға дейін	14

2015: ҚОРТЫНДЫЛАР

Техника	16
Инвестициялық жобалар	17
Шебер-жоспарлар	18
ІҚМ жеткізілімі	19
Субсидиялау	19

АНАЛИТИКА

Нарық	20
Сыртқы факторлар	21
	22

СТРАТЕГИЯ

26

ҚАРЖЫ

28

ТӘУЕКЕЛДЕР

32

Тәуекелдердің талдауы	33
Тәуекелдерді басқару жүйесі	35

ЖАУАПКЕРШІЛІК

36

Әлеуметтік	37
Экологиялық	37
Қайырымдылық	37

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

38

Қағидаттар мен тәжірибе	39
Акционерлік капитал	40
Ұйымдық құрылым	41
Жалғыз акционер	42
Директорлар кеңесі	43
Директорлар кеңесінің комитеттері	47
Басқарма	48
Ішкі бақылау және аудит	51
Мүдделер қақтығысын реттеу	52
Корпоративтік этика	53
Ақпаратты ашу	53

Дивидендтер туралы ақпарат	54
----------------------------	----

Инвесторларға қатысты ақпараттық саясат	55
---	----

ЖОСПАРЛАР

56

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

60

Глоссарий	67
Байланыс ақпараты	68

КОМПАНИЯЛАР ТОБЫ



Директорлар кеңесі төрағасының алғы сөзі



АЙГҮЛ МҰХАМӘДИЕВА

Құрметті Клиенттер мен Серіктестер!

Әрбір жылдық есеп біз үшін есепті жылдағы атқарған жұмысымыздың нәтижесін көрсету үшін, аграрлық сектордың өзекті міндеттерінің анағұрлым тиімді шешімдерімен және Компанияның даму болашағының перспективаларымен бөлісу үшін жаңа мүмкіндік болып табылады.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ Қазақстанның лизингтік қызмет нарығына 16 жылдан артық уақыт қатысып келеді. 2015 жылдың қортындысы бойынша, Компанияның үлесі еліміздегі жалпы лизинг көлемінің 72% құрайды, кредит қоржынында 7 мыңнан аса клиенттері бар. Инвестициялық жобаларды қаржыландыру шеңберінде Компания ауылдық жерлерде 13 мыңнан аса жаңа жұмыс орындарын ашты, импортты алмастыруға және сүт, жұмыртқа, құс шаруашылығы мен көкөніс өнімдерінің экспортын арттыруға үлесін қосты. Құны 108,5 млрд. теңге тұратын компанияның қаржыландырған 90 жобасы стратегиялық маңызды объектілер мәртебесіне ие болып, Индустрияландыру картасына енгізілді.

Бүгінгі таңда аграрлық сектордың бизнес үшін барған сайын тартымды болып келе жатқанын, АӨК мемлекеттік саясатқа деген сенімнің артып келе жатқанын атап кеткен жөн. Атап айтқанда, ауыл шаруашылығына құйылып жатқан инвестиция ағынының өсуі бағыттың перспективалылығы жөнінде куәландырады.

Көрсетілетін қызметтің қолжетімділігін арттыру мақсатында, «ҚазАгроҚаржы» АҚ жаңа жұмыс істеу жолдары мен механизмдерін пысықтау үстінде: бұл пайыздық мөлшерлемені субсидиялау, клиенттерге деген ниеттестік саясаты және қарыз алушылардың қаржылық жүктемесін жеңілдетуге мүмкіндік беретін көптеген басқа да құралдар.

Өз кезегінде, менеджмент, стратегиялық және қаржылық жоспарлау саласы жағынан білімге, сондай-ақ ауыл шаруашылығы саласы жағынан тәжірибеге ие Директорлар кеңесі тиімді басқару құралдары арқылы Компанияның жалпы даму үдерісіне өз үлесін қосады. Директорлар кеңесінің 50 %-ын тәуелсіз мүшелер құрайды, бұл құрылымды, процестерді жетілдіру, Компания қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында объективті және ойластырылған шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Соңында әріптестеріме кәсіпқойлықтары, еңбекқорлықтары және командалық рухтары үшін ризашылығымды білдіріп, «ҚазАгроҚаржы» АҚ клиенттері мен серіктестеріне бізге сенім артқандары үшін және ынтымақтастықтары үшін алғысымды білдіріп, 2016 жылы толағай табыс тілегім келеді.

Құрметпен,
Айгүл Мұхамәдиева

«ҚазАгроҚаржы» АҚ
Директорлар кеңесінің төрағасы

Басқарма Төрағасының алғы сөзі



ҚАНЫШ ИЗБАСТИН

Өздеріңізге белгілі, планетамыздың бүкіл халқы үшін Азық-түлік қауіпсіздігінің жоғары дәрежелі маңызы бар. Еліміздегі азық-түлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету – «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамының, міне, он бес жылдан бергі алдына қойған бірінші кезектегі міндеті.

2000 жылдан 2015 жылға дейінгі кезеңде, Қоғам агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға шамамен 510,5 млрд. теңге, соның ішінде 2015 жылы 70,8 млрд. теңге инвестициялады. Инвестициялардың жалпы құрылымында бюджеттен тыс қаражаттардың үлесі мемлекеттік қаражат үлесінен асып түсіп, 61% құрады.

Осы жылдар ішінде Компаниямыз сомасы 344,8 млрд. теңгеге 34 мыңнан артық техника мен жабдық сатып алуды қаржыландырды, бұл 16 жыл бойы мемлекетпен іске асырылған отандық машина-трактор паркін жаңарту бағдарламасына Компанияның белсенді түрде қатысуына мүмкіндік береді.

Егер 2000 жылдардың басында «ҚазАгроҚаржы» АҚ тек ауыл шаруашылығы лизингісі құралдарын ұсынатын институт ретінде ғана белгілі болса, кейіннен ауқымды инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде жалпы сомасы 200,6 млрд. теңгеге 381 жобаны іске қосқан. 16-дан астам инвестициялық бағыт (репродукторлар, суландыру жүйелері, қайта өңдеу жобалары, көкөніс қоймалары, жемшөп өндірісі, тауарлы-сүт фермалары, астық қоймалары,

жылыжайлар, құс фабрикалары, ЕҚӨК, бақшалар, құрастыру өндірістері, мал бордақылау алаңдары және т. б.) қамтылған.

Өз кезегінде, «ІҚМ етінің экспорттық әлеуетін дамыту» бағдарламасын іске асыру арқасында есепті кезеңде 3 968 бас асыл тұқымды мал, соның ішінде сүт бағытындағы – 488 бас мал және ет бағытындағы – 3 480 бас мал әкелінген. Сөйтіп, 2011 жыл мен 2015 жыл аралығында 5 жыл ішінде Қоғам республикаға 44 348 бас асыл тұқымды мал әкеліп, 95 репродуктор шаруашылығын құрған.

Айта кеткен жөн, осы бірыңғай статистика сандарының ар жағында мыңдаған нақты адамдар тұр. Бұл тек біздің тату ұжым ғана емес, сондай-ақ, еңбегімен әрі жігерлігімен еліміздің бүкіл халқының ертеңгі күнге деген сенімділігін сезінуге ықпалын тигізген ауыл тұрғындары, аграршылар мен ауыл шаруашылығының тауар өндірушілері.

Серіктестеріміз бен клиенттерімізге көмектеріңіз үшін және ынтымақтастықтарыңыз үшін алғысымызды білдіреміз: Сіздерге табыс, денсаулық пен тұрақтылық тілейміз!


Құрметпен,
Қаныш Избастин

«ҚазАгроҚаржы» АҚ
Басқарма Төрағасы

2015 ЖЫЛҒЫ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАРДЫҢ КҮНТІЗБЕСІ

ҚАҢТАР АҚПАН

- www.credit.kazagro.kz мекен-жайына қаржыландыруға тапсырылған өтінімдерді жинау мен өңдеудің электрондық жүйесі іске қосылды




НАУРЫЗ

- АӨК субъектілерін көктемгі-егіс жұмыстарын жүргізуге қаржыландыру бойынша жоспар орындалды

СӘУІР

- Fitch Ratings агенттігі шетелдік және ұлттық валютадағы ҚазАгроҚаржы» эмитент дефолтының ұзақ мерзімді рейтингін («ЭДР») растады



МАМЫР

- Астана қаласындағы VIII Астана экономикалық форумына қатысылды

МАУСЫМ

- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің жаңа құрамы сайланды




ШІЛДЕ

- «ҚазАгроҚаржы» АҚ «Societe Generale» француз банкісінен 25 млн. доллар сомасына қаржыландыру тартты

ТАМЫЗ

- Қоғамның жаңа Басқарма Төрағасы тағайындалды



ҚЫРКҮЙЕК

- Егін жинау науқаны бойынша жоспар орындалды, соның шеңберінде құны 23,6 млрд. теңгеге 2 мыңнан артық егін жинау техникасын сатып алу қаржыландырылды

ҚАЗАН

- Корпоративтік басқару диагностикасын жүргізу нәтижесі бойынша корпоративтік басқару рейтингі берілді



ҚАРАША

- «ҚазАгроҚаржы» АҚ жаңа ұйымдық құрылымы бекітілді

ЖЕЛТОҚСАН

- Еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету шеңберінде Қоғам инвестициялық жобалардың рекордтық санын іске қосты – жалпы сомасы 41,3 млрд. теңгеге 94 жоба.



- Қоғам 2015 жылы Шебер-жоспарларды орындау бойынша жоспарлы көрсеткіштерге жетті.
- Қоғам «ІҚМ етінің экспорттық әлеуетін дамыту» бағдарламасын тәмамдады, 2011–2015 жылдары республикаға 37 304 бас ет бағытындағы асыл тұқымды ІҚМ әкелінді, 95 репродуктор шаруашылығы құрылды

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

Қазақстанның
барлық аймақтарында
14 филиалы бар.



«ҚазАгроҚаржы» АҚ 1999 жылы 28 желтоқсанда «Ауыл шаруашылығының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 24 қарашадағы № 1777 қаулысына сәйкес, ауыл шаруашылығындағы басты мәселелердің бірі – техника паркін жаңарту проблемасын шешуге көмек көрсету мақсатында құрылған.

Негізгі мақсаты – ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің қаржы қаражаттарына, сондай-ақ лизинг негізінде ауыл шаруашылығы техникасына және технологиялық жабдықтарға деген қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы республиканың аграрлық секторын дамытуға қолдау жасау.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ миссиясы агроөнеркәсіптік кешеннің (бұдан әрі – АӨК) салаларын техникалық және технологиялық жаңарту бойынша қолайлы қаржы қызметтерін көрсету арқылы аграрлық индустриялық әртараптандыруды дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу болып табылады.

Қоғамның пайымдауы. Индустрияландыру, әртараптандыру, еңбек өнімділігін арттыру бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру операторы бола тұра, «ҚазАгроҚаржы» АҚ Қазақстанның АӨК лизингтік қызметтердің нарығында жетекші позициясын нығайтатын болады, әрекеттегі субъектілерді қамту деңгейі мен оларды қаржыландыру көлемін ұлғайтады.

Қызмет түрлері. Қоғамның жарғылық мақсаттарын іске асыру үшін, келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- 1) агроөнеркәсіптік кешендегі лизингтік қызметті;
- 2) агроөнеркәсіптік кешеннің субъектілерін несиелендіру және оларға қаржы қызметін және өзге де қызметтерді көрсету;
- 3) республикалық бюджеттік бағдарламаларды және агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға бағытталған басқа да бағдарламаларды іске асыруға қатысу.

Қоғам «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингінің құрамына енеді.

Даму тарихы

1999 ж.	«ҚазАгроҚаржы» АҚ құрылымын құру туралы республика Үкіметінің қаулысы.
2000 ж.	Шетелдік ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша алғашқы тәжірибесі.
2003–2005 ж.	Алғашқы машина және трактор станцияларын құру. Қоғамның ауқымды «Ауыл жылы» мемлекеттік бағдарламасына белсене қатысуы.
2006 ж.	«ҚазАгроҚаржы» қайтадан құрылған «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингінің құрылымына енеді.
2007 ж.	Тауарлы-сүт фермалары үшін асыл тұқымды малдардың лизингін енгізуі.
2008 ж.	Алғаш рет Fitch BBB- халықаралық кредиттік рейтингі берілді.
2009 ж.	Ірі инвестициялық жобаларды қаржыландыру старты алынған жыл.
2010 ж.	Лизинг нарығын алғаш рет зерттеу. Эксперт РА Қазақстанда: ҚазАгроҚаржы қазақстандық лизинг нарығында көшбасшы компания ретінде танылды.
2011 ж.	Қоғам «ІҚМ етінің экспорттық әлеуетін дамыту» атты серпінді бағдарламаның қатысушысы болады.
2013 ж.	Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың «Агробизнес-2020» бағдарламасын орындау шеңберінде жобаларды іске асыра бастау. ҚазАгроҚаржы субсидиялау бағдарламасының ресми қатысушысы болды.
2015 ж.	Қоғамның корпоративтік басқару диагностикасы жүргізіліп, алғаш рет корпоративтік басқару деңгейіне ие болды.

ӨНІМДЕР



ЛИЗИНГТІК БАҒДАРЛАМАЛАР

- **Ауыл шаруашылығы техникасының және арнаулы техниканың лизингі** (отандық және шетелдік өндірістердің аспалы, тіркеме және өздігінен жүргіш техникасы).
- **Арнаулы техниканың және жабдықтың лизингі** (ауыл шаруашылығы өнімдерін, балық және орман шаруашылықтары өнімдерін қабылдау, тазалау, буып-орау, сақтау және бастапқы өңдеу, көкөніс өсіру бойынша, мал шаруашылығы, шошқа шаруашылығы, құс шаруашылығы фермаларына арналған, жемшөп дайындауға арналған және т.б. жабдықтар).
- **Ауыл шаруашылығы мен балық өнімдерін, биологиялық активтерді тасымалдау бойынша көлік құралдарының лизингі.**
- **Жер өңдеу техникасының лизингі** (Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Алматы облыстарында жүзеге асырылады).



СПЕЦИАЛЬНЫЕ ПРОГРАММЫ

- **«Экспресс-лизинг»**, сауалнама жүргізу арқылы өтінімдерді жеделдетіп қарау (5 жұмыс күнінен басталады).
- **«Егінжай»**, Қазақстан аумағында жүзеге асырылған комбайндар лизинг заты бола алады, аванс төлемі төмендетілген, аванс өнім жиналғаннан кейін төленеді.
- **«Шебер лизинг»**, лизингтік кредит желісін ашу, соның шеңберінде клиентке қажеттілігіне қарай таңдалатын белгілі бір ақша лимиті белгіленеді.
- **Эскроу-шот қолданыла отырып қаржыландыру** (сүт таситын машиналар (танкері бар сүт тасуға мамандандырылған автомашиналар), мал, ет тасуға арналған отандық және шетелдік өндірістердің көлік құралдары, отандық және шетелдік өндірістердің суландыру жүйелері мен тамшылатып суару жүйелері).



ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

Жабдықтың, техника мен ІҚМ лизингі, басым бағыттар бойынша құрылыстық-монтаж жұмыстарын, айналым капиталын толықтыруды несиелендіру:

- Тауарлы-сүт фермалары;
- Суару жүйелері қолданыла отырып, жеміс-көкөніс, техникалық және май дақылдарының өндірісі;
- Құс фабрикалары;
- Көкөніс қоймалары;
- Жылыжай шаруашылықтары;
- Ауыл шаруашылығы техникаларын құрастыру;
- Жемшөп өндірісі;
- Мал бордақылау алаңдары;
- Етті қайта өңдеу кешені;
- Асыл тұқымды шаруашылықтар (репродукторлар);
- Сойыс орындары;
- Балық фермалары;
- Жұмыртқа және жұмыртқа өнімдерін өндіру;
- Ауыл шаруашылығы мен балық өнімдерін қайта өңдеу, өндіру, сақтау.

Өтінімнен жобаға дейін

«ҚазАгроҚаржы» АҚ негізгі қызмет түрі қаржы лизингі және қарыз құралы арқылы фермерлерге қаржылық қызмет ұсыну болып табылады.

Қоғамның бүкіл құрылымдық бөлімшелерінің жұмысы клиенттерге барынша қысқа мерзімде сапалы қызмет көрсетуге бағытталған.

Стратегиялық мақсаттарға жету үшін, Қоғамның кредиттік лизингтік қызметін жүзеге асыру кезінде Қоғамның құрылымдық және оқшауландырылған бөлімшелерінің тиімді өзара әрекеттестігіне бағытталған «ҚазАгроҚаржы» АҚ жаңа ұйымдық құрылымы қайта қаралып бекітілген. Бизнес-процестерді оңтайландыру есебінен Қоғамның негізгі қызметі бойынша жоғары көрсеткіштерге жетуі болжамдалады. Қоғамның барлық құрылымының front, middle және back офистерға блоктық бөлінуі бизнес процестердің белгілі бір кемшіліктерін, олқылықтарын анықтауға көмектеседі, осылайша, оларды жетілдіруге қосымша мүмкіндік береді.

Қоғам құрылымының front, middle және back офистерға бөліну ерекшелігінің мәнісі мынада:

Front-офис – клиенттермен немесе Қоғам қызметін тұтынушылармен тікелей байланыс жасайтын құрылымдық бөлімшелер. Front-офис сөзінен Қоғам клиенттерімен консультация жүргізетін және бастапқы құжаттарды жинайтын кредиттік және лизингтік бөлімшелердің қызметкерлерін түсінуге болады.

Middle-офис – клиенттің жобасын қарау және мониторингін жасау кезінде тек белгілі бір көзделген немесе көзделмеген қадамда Қоғамның клиентімен құқықтық қарым-қатынасқа түсетін құрылымдық бөлімше. Middle-офис қызметкерлеріне кепілзаттық қамтамасыз ету жөніндегі қызметкерлер (кепіл мен лизингтің жай-күйін тексеру кезінде), құқық мәселелері жөніндегі қызметкерлер (Қоғамның құқығы мен мүддесін қалпына келтіруді іске асыру кезінде) жатады.


Back-офис – middle- және front-офистердің қызметін қолдау мен сүйемелдеу атқарымдарын жүзеге асыратын құрылымдық бөлімше. Аталмыш блоктың қызметкерлеріне бухгалтерлік есеп, аудит, тәуекел-менеджменті, стратегия – даму, әдіснама және т.б. құрылымдық бөлімшелер жатады. Бұл блокқа жататын қызметкерлердің атқарымдарында Қоғам клиенттерімен контактыға түсу көзделмеген.

Қоғамның филиалдар желісі Қоғамның қызметін аумақтық тұрғыда қамтуға/кеңейтуге және тиісті мақсатты аудиторияны тартуға мүмкіндік береді. Филиалдар желісінің шектеулі орталықсыздануы оқшауланған аумақтық бөлімшелердің жобаларды қаржыландыру жөнінде өз бетінше шешім қабылдауларына мүмкіндік береді. Тең құқықты қаржыландыру шарттары бойынша Қоғамның ұстанған саясаты АӨК барлық субъектілеріне Қоғамның сапалы қаржылық қызметін алуға мүмкіндік береді. Қоғам қызметі агроөнеркәсіптік кешендегі барлық сегменттерді қамтиды.


Қоғамның ұсынатын қаржылық қызмет сапасының мониторингі тұрақты негізде жүргізіліп тұрады. Тиісті кезең өткен соң, ISO халықаралық стандарт талаптарына сәйкес, сапа менеджменті жүйесінің талдауы жүзеге асырылады. Мониторинг, көрсетілетін қызметтің тұрақты жарамдылығын, барабарлығын, нәтижелігін және тиімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ өзгертулерге деген қажеттіліктерді жақсарту мен анықтау мүмкіндігін бағалау мақсатында жүзеге асырылады.

Қарыз бен лизинг бойынша жобаларға жұмылдырылған құрылымдық бөлімшелердің арасындағы неғұрлым айқын атқарымдық міндеттерді бөлу мақсатында, Қоғамның негізгі бизнес-процестерін автоматтандыру жұмысы жүргізілді.

Қоғамда Oracle, Siebel CRM, ERP бағдарламалық жасақтама жұмыс істейді. Бағдарламалар үнемі жетілдіріліп тұрады. Бүкіл құрылымдық бөлімшелерді ортақ жүйеге қосу арқылы барлық бизнес-процестерді толық автоматтандыруға қол жеткізуге болады. Бағдарламалық жасақтаманы әзірлеу мен жетілдіру Қоғам үшін басым іс-шара болып табылады.



2015: ҚОРЫТЫНДЫЛАР



2015 жылы агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға 70,8 млрд. теңге инвестициялады. 2000 жылдан 2015 жылға дейінгі кезеңдегі жалпы инвестиция көлемі 510,5 млрд. теңгені құрады. Инвестициялардың жалпы құрылымында бюджеттен тыс қаражаттардың үлесі мемлекеттік қаражат үлесінен асып түсіп, 61 % құрады.

2014 жылмен салыстырғанда, инвестициялардың 10%-ға төмендеуі девальвацияға байланысты болды. Орын алған экономикалық факторлар инвестжобаларды іске асыру бойынша жағдайға едәуір әсерін тигізді. Кейбір компаниялар қаржыландырудың ішінара лимитінен бас тартты, игерудің бір бөлігін 2016 жылға ауыстырды.

Техника

2015 жылы Қоғам жалпы сомасы 57,5 млрд. теңгеге 4 195 бірлік ауыл шаруашылығы, арнаулы техникалар мен жабдықтар сатып алуды қаржыландырды (соның ішінде жоспардың орындалу көрсеткіші 130% немесе

41,5 млрд. теңгені құрады, ал жоспарланғаны – 32 млрд. теңге). 2000-2015 жылдар аралығында жалпы сомасы 344,8 млрд. теңгеге барлығы 34 мың бірліктен артық техника мен жабдықтар сатып алуды қаржыландырды.


Лизингке техника мен жабдықтарды сатып алу серпіні, млн.теңге

Атауы	2013 ж.		2014 ж.		2015 ж.		Барлығы 2000–2015 жж.	
	бірл.	сома	бірл.	сома	бірл.	сома	бірл.	сома
<i>Егіс кешендері</i>	99	2 802	130	3 247	52	1 774	1 097	42 018
<i>Тракторлар</i>	1 250	9 362	1 477	11 144	1 334	10 732	9 933	54 252
<i>Комбайндар</i>	727	17 054	735	21 681	594	19 200	9 031	148 052
<i>Сепкіштер</i>	155	306	56	109	103	1 501	1 818	4 272
<i>Өзге техника</i>	1 254	6 846	2 107	10 889	2 020	8 238	11 780	47 098
<i>Жабдық</i>	52	5 157	89	10 700	92	16 085	395	49 085
БАРЛЫҒЫ:	3 537	41 527	4 594	57 770	4 195	57 530	34 054	344 778

Тұтас алғанда, а/ш техникасын сатып алуды қаржыландырудың жыл сайынғы серпіні байқалады, дегенмен 2015 жылғы шамалы (сандық мәнде 10%-ға, сома тұрғысынан 0,4%-ға)

төмендеуі алыс және жақын шетелдерден әкелінетін техниканың сатып алу бағасының қымбаттауына, ұлттық валютаның девальвациясына байланысты болды.

Инвестициялық жобалар



Инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде, Қоғам 2007-2015 жылдары жалпы сомасы 200,6 млрд. теңгеге 381 жобаны іске қосты.

- 3500 тонналық құс фабрикасы;
- 272,5 тонналық сойыс орыны.

Өткен жылдармен салыстырғанда, жобаларды іске асыру жағынан оң серпін байқалады, мысалға, 2015 жылы 41,3 млрд. теңге сомасына 94 инвестициялық жоба іске асырылды, соның ішінде:

- 3 295,7 га алаңға 26 суару жүйесі (с.і. тамшылатып суару – 1 834,7 га);
- 3 929 бас малға арналған 12 репродуктор;
- 32 430 тонна өнімге арналған 11 көкөніс қоймасы;
- 286 500 тонна өнімге арналған 10 астық қоймасы;
- 349 га алаңға 6 бақша;
- 2 408 бас малға арналған 6 тауарлы-сүт фермасы;
- 24 686,3 тоннаға жемшөп өндірісі бойынша 5 жоба;
- 16 500 бас малға арналған 4 бордақылау алаңы;
- 10 га алаңға арналған 4 жылыжай;
- 3 жоба қайта өңдеу бойынша;
- 13 400 тоннаға арналған 3 етті қайта өңдеу кешені;
- 247,5 тоннаға арналған 2 балық өсіру кешені;



Шебер жоспарлар

2015 жылы «Агробизнес-2020» бағдарламасы шеңберінде Қоғамның алдына Агроөнеркәсіптік кешендегі басым бағыттарды – «Шебер-жоспарларды» іске асыру жоспарларын орындау бойынша міндет қойылған болатын. Жыл қортындысы бойынша 15 инвестжобаның 8 бағыты артығымен орындалды (мал бордақылау алаңдары, отандық асыл тұқымды ІҚМ сатып алу, ет комбинаттарын, жеміс-көкөніс қоймаларын, құс фабрикаларын тұрғызу, жаңбырлатқыш жүйелерін орнату, албырт және бекіре тұқымдас балықтарды өсіру кәсіпорыны, қымыз өндіру зауыты).

ІҚМ жеткізілімі

«ІҚМ етінің экспорттық әлеуетін дамыту» бағдарламасын іске асыру шеңберінде есепті кезеңде 3 968 бас мал, соның ішінде 488 бас сауын мал және 3 480 бас етті мал жеткізілді. Сөйтіп, 5 жыл ішінде, 2011-2015 жылдар аралығында Қоғам республикаға 44 348 бас асыл тұқымды мал, соның ішінде 7 044 сауын мал және 37 304 бас етті асыл тұқымды мал жеткізді, 95 репродуктор шаруашылықтары құрылды.

Қоғам 2015 жылы «ІҚМ етінің экспорттық әлеуетін дамыту» бағдарламасын аяқтады, бағдарлама бойынша ақша қаржысы 100% көлемде игерілді.

Субсидиялау


Сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау.

2015 жылы «ҚазАгроҚаржы» АҚ 227 «Ауыл шаруашылығын қолдауға берілетін кредиттер және лизинг бойынша сыйақы мөлшерлемелерін өтеу» бюджеттік бағдарламасын іске асыруға қатысты. 3,7 млрд. теңге негізгі борыш қалдығының жалпы сомасына барлығы 446 шарт субсидияланды, 2015 жылдың субсидиясы 216 млн. теңгені құрады.

АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыру.

225 «АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыру бағытының шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық сыйақы ставкасын субсидиялау» бюджеттік бағдарламасы бойынша. 2015 жылы жалпы сомасы 7,9

ІҚМ ЛИЗИНГІ
(бас)



■ Сүтті
■ Етті

млрд. теңгеге 137 кредиттік шарт бойынша 55 жобаны мақұлданды.


Анықтама үшін:

2015 жылдың қортындысы бойынша, қазақстандық өндірушілерден сатып алынған техника мен жабдықтың үлесі 30 %-дан асады.

Соңғы жылдары отандық өндіріс шығарған техника үлесінің оң өсу серпіні байқалады, бұл аталмыш саланың даму перспективалығы жөнінде айтады.

2015 жылы Қоғам әр түрлі 26 елдің техника мен жабдық жеткізушілерімен ынтымақтаса жұмыс істеді, соның ішіндегі ең ірі серіктес-елдер: Ресей, Канада, Нидерланды.

АНАЛИТИКА



КОМПАНИЯНЫҢ ЛИЗИНГ НАРЫҒЫНДАҒЫ ҮЛЕСІ*

ҚазАгроҚаржы	– 72%
БРК-Лизинг	– 23%
Қазақстан Иджара Компаниясы	– 1%
СК Лизинг	– 1%
Лизинг Групп	– 0%
Forte Leasing	– 1%
Райффайзен Лизинг Қазақстан	– 2%

72%

2015 жылдың қортындысы бойынша «ҚазАгроҚаржы» АҚ лизинг нарығындағы үлесі.

*«Эксперт РА Казахстан» рейтингтік агенттігінің деректері бойынша

Нарық

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитетінің деректері бойынша, алынған төлемдердің көлемі 37%-ға өссе, лизингтік компаниялардың қоржыны 2015 жылы 25%-ға көбейді. Осыған ұқсас өсу серпінін аталмыш нарықтың негізгі қатысушылары да көрсетеді. Алайда, соңғы жылдары оң тренд негізінен экономиканы қолдаудың мемлекеттік бағдарламалары шеңберінде жұмыс атқаратын лизингтік компаниялар арқылы қамтамасыз етіледі. Нарықтың қалған қатысушыларының даму траекториясы тұрақсыз. 2015 жылы дәстүрлі қорландыру проблемасына тағы ұлттық валютаның құнсыздануы да қосылды.

Валюталық дәліздің жойылуын және еркін құбылмалы валюта бағамына ауысуды тұспалдайтын жаңа ақша-кредит саясатының енгізілуіне байланысты, көптеген лизингтік компаниялар өскелең кредит тәуекелдерін ескере отырып, өздерінің кредит және баға саясаттарын қайта қарастырды. Атап айтқанда – өздерінің клиенттері үшін аванс мөлшерін ұлғайтты, сондай-ақ лизинг мерзімін қысқартты. Сонымен бірге, лизингтік компаниялардың бірқатары қаржыландыру тарту мүмкіндігінің төмендеуіне байланысты, сондай-ақ лизингтік төлемдермен проблемаға байланысты, клиенттерде өтімдерді қарау жұмысы уақытша тоқтатылды. Соған байланысты, жыл қортындысы бойынша, көптеген лизингтік компаниялардың табыстары түсіп кетті, бірақ лизингке деген сұраныс бұрынғыдай нарықты одан әрі дамытуды талап етеді.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ, осыдан бір жыл бұрынғыдай, қазақстандық лизинг нарығындағы ең ірі ойыншылар рейтингісінің лидері болды. 2015 жылдың қортындысы бойынша, компанияның лизингтік қоржыны 17%-ға өсті, бұл ретте лизингтік компаниялардың жиынтық қоржынындағы «ҚазАгроҚаржы» АҚ салмағы біршама төмендеді және 72% құрады.

Қоғамның лизинг үлесінің азаюы, біріншіден, «БРК-лизинг» АҚ қоржынының 2015 жылы «Өнімділік-2020» және «Нұрлы жол» сияқты мемлекеттік бағдарламаларға қатысуы арқасында екі есе артық ұлғаюына байланысты болды.

Сонымен қатар, 2009 жылға дейін «ҚазАгроҚаржы» АҚ тек қана лизингте мамандандырылғандықтан, көп шарттардың аяқталу себебінен Қоғамның лизинг қоржынының өсу қарқыны өткен жылға қарағанда, төмендегенін айтып кету керек. Бұл ретте, 2015 жылы Қоғамның лизинг бойынша қаржыландыру көлемі 2014 жылдың деңгейінде болды.

Өткен жылы 2014 жылмен салыстырғанда, «ҚазАгроҚаржы» АҚ лизинг қоржыны құрылымының өзгеруі, былтырғы жылмен салыстырғанда, үлесі 2015 жылы 60%-ға кеміген егіс кешендерін сатып алу бөлігінде болды, бұл ретте тұқым сепкіштердің үлесі 54%-ға өсті. Бұл өзгеріс қазіргі аграршылардың соңғы уақытта шағын және орташа бизнес сегментіне көшіп жатқандықтарына және егіс кешенінің әлеуетін толық шамада пайдалана алмайтындықтарына байланысты, бұл пайдаланылатын жердің көп болмауына немесе климаттық жағдайларға байланысты. Сол себепті, егіс кешендері орташа есеппен, ықтимал қуаттан 60-70%-ға пайдаланылады және аграршылар қымбат егіс кешендерінен гөрі тұқым сепкіштер сатып алған экономика тұрғысында пайдалырақ деп санайды.

Сондай-ақ комбайндардың үлесі де сандық тұлғада 20%-ға және ақшалай тұлғада 12%-ға төмендеді, бұл техника құнының өсуіне әкеліп соққан теңге бағамының құнсыздануына байланысты болды. Қалғанында, «ҚазАгроҚаржы» АҚ лизингтік қоржыны шамалы өзгерді.

Сыртқы факторлар

2013 жылы қабылданған «Агробизнес-2020»

бағдарламасы АӨК субъектілерін қаржыландыру нарығына елеулі әсерін тигізеді.

Дүниежүзілік сауда ұйымы жағдайында аталмыш бағдарламамен АӨК субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың стратегиялық міндеттеріне сәйкес саланы қолдау бойынша шаралар кешені көзделген.

ДСҰ-на ену жағдайында ірі шетелдік операторларлардың нарықты ықтимал басып алуы қарсаңында, Қоғам «бірінші жүру» басымдығын пайдалануға және өзінің ресурстарын қызметін бәсекелесуге қабілетті етіп дамытуға бағыттай отырып тұрақтап қалуға тиісті.

Отандық ауыл шаруашылық өндіріс көлемінің өсу перспективасы мен импорттық өнімнің ығыстырылуы Қоғамның одан арғы стратегиялық даму бағытына оң әсерін тигізетін фактор болып табылады. Аталмыш жағдай АӨК қажетті салаларын қаржыландыру үшін отандық АШТӨ әлеуетті мүмкіндіктеріне тұрақты түрде мониторинг жүргізіліп отырылуын талап етеді.

Инфляциялық таргеттеу режиміне негізделген жаңа ақша-кредит саясаты жағдайында лизинг нарығында көшбасшы жайғасымын ұстап қалу үшін, Қоғам қорландыру көздерін іздестіру мен ұлғайту бойынша, соның ішінде АШТӨ үшін оңтайлы бағаларды қамтамасыз ету бөлігінде жұмыстарды жүзеге асыруға тиісті, өйткені девальвация лизинг алушылар үшін жабдықтың, көбінесе, шетелден жеткізілетін жабдықтың құнын көтереді, осылайша, лизингтік мәмілелердің тартымдылығын төмендетеді.

Көрсетілетін қызметтің қолжетімділігін арттыру үшін, Қоғам АШТӨ қолдау схемаларын әзірлеу жұмысына қатысатын болады, сондай-ақ өтінімдерді жеделдетіп қарауға арналған бизнес-процестерді жетілдіретін болады.

Халық санының өсуіне және халықтың тамақтану құрылымының өзгеруіне байланысты, халықтың азық-түлікке деген қажеттіліктерінің көлемі жағынан да, сұрыпталымы жағынан да ұлғайғаны байқалады. Бұл фактор орташа жиынтық физиологиялық тұтыну мөлшерінің қамтамасыз етілу деңгейін ескере отырып, Қоғамнан халықтың азық-түлікті тұтыну нарығына тұрақты талдау мен мониторинг жүргізіліп тұруын талап етеді.

PEST-ТАЛДАУ

Фактор	Фактордың әсері	Қоғамның іс-қимылдары
<i>Саяси факторлар</i>		
Мемлекеттік саясаттың АӨК саласын дамытуға нысаналануы (Агробизнес-2020, Елбасының Жолдауы, Стратегия 2015 (100 нақты қадам) және т.б.)	Ұлттық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету	АӨК саласына бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың белгілі бір бағыттарының іске асырылуын қамтамасыз етуге қатысу
Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау	АӨК әлеуетін тиімді пайдалану	Инновациялық технологияларды қолданатын кәсіпорындар үшін ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтың лизингі жүйесін дамыту
Импорттық тауарды алмастыру (импортқа квотаны төмендету)	Отандық ауыл шаруашылығы өнімдерінің ұлғаюы	АӨК қажетті салаларын қаржыландыру үшін отандық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің әлеуетті мүмкіндіктерін зерттеу

<i>Экономикалық факторлар</i>		
Инфляциялық таргеттеу режиміне негізделген жаңа ақша-кредит саясаты	Импорттық жабдық пен техниканың теңгемен бағам бойынша қымбаттауы	Ынтымақтастық орнату үшін өзара пайдалы шарттары бар жаңа серіктестерді (инвесторларды, жеткізушілерді) іздестіру
Төлем төлеуге қабілетсіз сұраныс	Мерзімі өткен міндеттемелер санының көбеюі	Проблемалық жобалармен жүргізілетін белсенді оңалту жұмыстары, лизинг заттарын тартып алу мен қайта сату бойынша шараларды мерзімінде қолдану. Қоғам мен АШТӨ үшін оңтайлы шарттарда ауыл шаруашылығының кәсіпорындары үшін АӨК техникасының лизингі бойынша жаңа бағыттарды іздестіру. АШТӨ қолдау салаларын ұлғайту мәселесі жөнінде (субсидиялау, жеңілдіктер, сақтандыру және т.б.) ҚР АШМ-не ұсыныстар енгізу
Аграршылардың шығынды операциялар жүргізу мерзімдерінің және ауыл шаруашылығы жұмыстарының маусымдылығына байланысты кірістерді алу мерзімдерінің үйлеспешілігі	Басы артық қаржы қаражатының жетіспеушілігі, саланың күрделі қаржы сыйымдылығы және қор қайтарымының төмендігі	
Банктің кредит беру белсенділігінің өсуі	Ауыл шаруашылығында екінші деңгейлі банктердің ұсынатын кредиттік өнімдерінің әртүрлілігі	Сатып алу қабілетін сақтап қалатын қолайлы қаржы шарттарын енгізу (құжаттар пакетін және өтінімдерді қарау мерзімдерін қысқарту)
Бағалардың салааралық және салаішілік келісімгеендігі	Азық-түлік бағасының тұрақсыздығы	Негізгі азық-түлік бағаларының нарығын зерттеу. Аймақтардың мамандануына байланысты жобаларды қаржыландыру

Әлеуметтік факторлар

Халық санының өсуі	Халықтық тұтыну көлемінің ұлғаюы	Халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету бойынша жобаларды іске асыру мақсатында халықтың ауыл шаруашылығы өнімдеріне деген қажеттілігін зерттеу
Халықтың тамақтану құрылымының өзгеруі	Қысқы кезеңде халықтың жаңа піскен жеміс-көкөніс өнімдеріне деген қажеттілік деңгейінің өсуі, калориясы төмен және пайдалы ас тұтыну	Азық-түлік өнімдерін тұтынудың ең төмен физиологиялық нормасына сәйкес, өнім өндіру нарығын және халықтың өнімді тұтыну нарығын зерттеу

Технологиялық факторлар

АӨК саласын техникалық қайта жарақтандыру	АӨК нарығында инновациялық жабдықтар мен техникалардың пайдалануы	Инновациялық жабдықтар мен техника нарығын зерделеу, өндірушілер мен жеткізушілердің дерекқорын жинау
Экологиялық жүктеменің өсуі	Жабдықтар мен техникалардың анағұрлым қолайлы да экологиялық тұрғыдан қауіпсіз түрлеріне деген сұраныстың артуы	Сұраныс талаптарына және экологиялық нормаларға жауап беретін жоғары технологиялы жабдықтар мен техникалардың жеткізушілерін/өндірушілерін іздестіру
Ақпараттық кеңістіктің дамуы	Интернет-ресурстарды пайдаланушылар санының көбеюі	Корпоративтік сайтты, ақпараттық порталды, сондай-ақ қаржылық есептілік депозитарийі мен қор биржасының сайттарын мүдделі тұлғаларға арналған қажетті ақпаратпен толықтыру. Техника мен жабдық лизингісіне онлайн өтінімдер қабылдау.

SWOT-АНАЛИЗ

КҮШТІ ЖАҚТАРЫ

1. Агроөнеркәсіптік кешеннің лизинг саласындағы, соның ішінде ірі инвестициялық жобаларды іске асырудағы үлкен тәжірибесі;
2. Республикадағы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің кең клиенттік базасы;
3. Ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарының отандық және дүние жүзілік өндірушілерімен жолға қойылған серіктестік қарым-қатынастары;
4. Активтері мен меншікті капиталының елеулі көлемі;
5. Басым даму бағыттары бойынша Қоғамның көрсететін қызметтерін арзандату үшін қаржы қаражаттарын беру бөлігіндегі мемлекеттік қолдау;
6. Халықаралық нарықтағы қаржыландыру тарту тәжірибесі, жоғары кредиттік рейтингтері.
7. Дамыған өңірлік желісі: өте шалғай аудандарды қамту.
8. Білікті кадрлық құрамы.

МҮМКІНДІКТЕР

1. Мемлекеттік саясаттың аграрлық саланы қолдауға нысаналануы халықтың ауылдық бизнеске деген қызығушылығын арттырады;
2. Бизнес-процестерді оңтайландыру мен автоматтандыру есебінен Қоғамның көрсететін қызметіне деген қолжетімділікті арттыру;
3. Агробизнесінің қажеттіліктеріне сәйкес, қаржылық қызметтің азық-түлік желісін ұлғайту;
4. Адами капиталды басқару жүйесін жетілдіру;
5. Дүниежүзілік тәжірибені қолдану арқылы корпоративтік басқару деңгейін арттыру.

ОСАЛ ЖАҚТАРЫ

1. Қауіп-қатері жоғары салада кредит қоржынын шоғырландыру;
2. Мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру қажеттілігіне байланысты, қаржыландыру бағыттарын жүзпайыздық таңдау мүмкіндігінің жоқтығы;
3. Қоғамның активтерінде және қамтамасыз етілген кепілзатында өтімділігі төмен мүліктердің болуы;
4. Валюталық тәуекелдермен түйіндес валюталық міндеттемелер;
5. Бизнес-процестерді автоматтандыру дәрежесінің жеткіліксіздігі;
6. Қызметкерлер құрамының тұрақтамауы.
7. Корпоративтік басқару деңгейінің төмендігі

ҚАУІПТЕР

1. Халықаралық нарықтағы қаржылық тұрақсыздық, бұл әлеуетті клиенттердің төлеу қабілеттілігінің төмендеуіне және Қоғам үшін валюталық тәуекелдердің өсуіне әсерін тигізеді;
2. Техника мен жабдықтың айтарлықтай қымбаттауы сұраныстың төмендеуіне әкеліп соғуы мүмкін;
3. Мемлекеттік қатысу үлесінің азаюы салдарынан кредиттік рейтингтің ықтимал төмендеуі.

Өзге ойыншылардан «ҚазАгроҚаржы» АҚ-н төмен аванс төлемі – техника құнынан 15% тиімді ерекшелендіреді (нарық қатысушыларының көпшілігінде бастапқы жарна 20–30%-дан басталады). Сондай-ақ екі жылға дейін негізгі борышты өтеу бойынша жеңілдікті кезеңі бар, ал төлеу кестесінің өзі фермерлердің мүддесіне бағытталған: жылына бір рет егін жинағаннан кейін.

Көрсететін қызметінің қолжетімділігін арттыру үшін, «ҚазАгроҚаржы» АҚ үнемі жаңа бағдарламаларды әзірлеп отырады, мысалы, жыл бойы техника сатып алуға кредиттік желі ашуға мүмкіндік беретін «Шебер-лизинг» бағдарламасы: клиент құжаттар пакетін жылына бір рет жинайды, қажеттілігіне қарай аванс төлемін төлеп, техниканы алады. Не болмаса, «Экспресс-лизинг» бағдарламасы - белгілі бір техника түрін неғұрлым аз құжаттар пакетімен бес жұмыс күнде жедел жүйе арқылы алуға болады.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ көрсететін қызметінің қолжетімділігін арттыру үшін үнемі жаңа бағдарламалар әзірлеп отырады, мысалы, «Шебер-лизинг» және «Экспресс-лизинг» бағдарламалары



Сонымен бірге, ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтың лизингі нарығының дамуына «Агробизнес-2020» шеңберінде Субсидиялау бағдарламасы ықпалын тигізеді. Бағдарлама шарттарына сәйкес, айналым қаражаттарын толықтыруға, құрылысқа арналған кредит бойынша, сондай-ақ технологиялық жабдықтар мен ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға арналған лизинг бойынша сый-ақы мөлшерлемелері жылдық 7%-ға төмендетуге жатады, өз кезегінде, мал шаруашылығы мен жемшөп өндірісі салаларындағы ауыл шаруашылығы техникасын және жабдықтарды сатып алуға арналған шарттар бойынша пайыздық мөлшерлеме 10% мөлшерінде мемлекетпен субсидияланады.

СТРАТЕГИЯ

«ҚазАгроҚаржы» АҚ 2011-2020 жылдарға арналған даму стратегиясы Елбасының «Қазақстан - 2050» жолдауына, Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2010–2014 жылдарға арналған бағадарламасының мақсаттары мен міндеттеріне және «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ 2011-2020 жылдарға арналған Даму стратегиясына сәйкес әзірленген.

2011–2020 жылдарға арналған Стратегияға сәйкес, келесі стратегиялық бағыттар анықталған:

1. Индустрияландыру және әртараптандыру арқылы агроөнеркәсіптік кешендегі еңбек өнімділігінің өсуін ынталандыру.
2. Еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысу.
3. АӨК экспорттық әлеуетін дамытуға және іске асыруға ықпал ету.
4. АӨК субъектілерін қолдау бойынша қызметтердің қолжетімділігін арттыру.
5. «ҚазАгроҚаржы» АҚ қызметінің ашықтығын және корпоративтік басқару сапасын нығайту.

Стратегиялық бағыттарды іске асыру мақсатында Қоғам жыл сайын өзінің алдына орындалуы түйінді қызмет көрсеткіштеріне жету дәрежесімен өлшенетін бірқатар міндеттерді қояды.

2015 жылы Қоғам менеджментінің алдына 15 түйінді қызмет көрсеткішін орындау бойынша міндет қойылған, жыл қортындысы бойынша, оның 9 көрсеткіші артығымен орындалған.

Бүгінгі таңда аграрлық секторға қатысты өзгеріп жатқан сыртқы экономикалық және саяси факторларды ескере отырып, Қоғам Компанияның даму стратегиясын жетілдіру бойынша жұмысты жүргізуге тиісті.

АӨК субъектілерін қаржыландыру арқылы ауыл шаруашылығын дамытуды қолдау, ешқандай күмәнсіз, Қоғамның негізгі қызмет мақсаты болып қалмақ.

Осылайша, ҚазАгроҚаржының стратегиясында АШТӨ бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, фермерлер үшін қаржы қызметтері мен өтім нарығына деген қолжетімділікті қамтамасыз етуге, қызметін оңтайландыруға және корпоративтік басқару жүйесін жетілдіруге жағдай жасау бойынша мемлекеттің қойған міндетін ескеру жоспарланып отыр.

Республиканың машина-трактор паркін жаңартуға деген орын алып отырған қажеттілікке сәйкес, Қоғам ауыл шаруашылығы техникаларын лизингке табыстау бойынша іс-шараларды жүзеге асыру жұмыстарын одан әрі жалғастыратын болады.

Үкіметаралық қатынастарды дамыту және Қазақстанның ДСҰ-на және Еуразиялық экономикалық одаққа енуі жағдайында, Қоғам импортты алмастыратын экспортқа бағдарланған отандық өндірістерді, сондай-ақ мемлекеттік саясатқа сәйкес (Агробизнес 2020, 100 нақты қадам), басым болып табылатын және еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін деп танылған бағыттарды қаржыландыру жұмыстарын одан әрі жалғастыратын болады.

Клиенттерге ыңғайлы болу үшін, Қоғам бизнес-процестерді оңтайландыру, өтінімдерді қарау процедураларын жеңілдету, қажетті құжаттар санын қысқарту, әрбір клиент тобының ерекшелігін ескере отырып, азық-түлік желісін кеңейту бойынша жұмыстарды жүргізетін болады.

Несие қоржынының сапасын арттыру мақсатында мерзімі өтіп кеткен міндеттемелердің санын азайту (проблемалық

қоржынмен жұмыс, дағдарыс-менеджменті, лизинг заттарын мерзімінде алып қою және қайта сату) және несие қоржынындағы қарыз алушылар тобын шоғырландыру, сондай-ақ резервтердің /активтер мен шартты міндеттемелер бойынша провизиялардың оңтайлы деңгейін ұстап тұру бойынша ықпалды іс-шаралар жүзеге асырылатын болады.

Сонымен бірге, Қоғам сатып алынатын лизинг заттарын Қоғамның активтері ретінде қабылдап, өтімділігін ескере отырып, оларға деген көзқарасты өзгертуді жоспарлап отыр. Осы негізде, Қоғам әр топқа арналған тәуекел деңгейін ескере отырып, оңтайлы лизингтік қоржынның құрылымын анықтай алады және сыртқы әрі ішкі факторларға сәйкес өз активтерін басқара алады.

Қоғам валюталық тәуекелдерді барынша азайту, қаражаттардың қайтарымдылық шарттары, баға белгілеу саясаты мен шығыстарды оңтайландыру бойынша шаралар кешенін енгізуді жоспарлап отыр, бұлардың бәрі өз кезегінде Қоғам активтері мен капиталының пайдалылығының бірқалыпты өсуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, инвестицияларды тарту бойынша белсенді жұмыс та одан әрі жалғастырылатын болады, бұл жұмыс инвесторлармен ынтымақтастықты дамыту, қарыз алысудың жаңа құралдарын енгізу, қаржыландыру көздерін әртараптандыру, сондай-ақ Қоғамның мақсаттары мен міндеттерін іске асыруға қажетті көлемде қорландыру арқылы жүзеге асырылатын болады.

Нәтижесінде, АӨК субъектілеріне лизингке табысталатын ауыл шаруашылығы техникаларының және арнаулы техникалардың санын жыл сайын ұлғайту жоспарланып отыр, бұл Қоғамның күшімен машина-трактор паркінің жаңартылу деңгейін жыл сайын арттырып отыруға мүмкіндік береді.

Қоғамның қаржыландырған кәсіпорындарында өндірілген өнімдер еліміздегі отандық ауыл шаруашылығы өндірісінің көлемін өсіруге және республиканың азық-түлік нарығында импорттық өнімдерді ығыстыруға, сондай-ақ экспортқа бағдарланған өнімдердің көлемін арттыруға ықпал ететін болады.

Тұтас алғанда, Қоғамның қаржы өнімдерінің клиенттердің қажеттіліктеріне бағдары, олардың қолжетімділігінің дамуы және атқаратын қызметі туралы хабардарлығының үнемі артып отыруы отандық аграршыларды қолдаудағы Қоғамның бағалы үлесін қамтамасыз етеді.

ҚАРЖЫ



Жоспарлы/нақты көрсеткіштердің талдауы

Табыстардың жалпы сомасы, жоспар бойынша, 18 796,2 млн. теңге болса, есепті кезеңде 24 132,5 млн. теңгені құрады, 5 336,3 млн. теңге сомасындағы ауытқушылық негізінен келесі факторлардың нәтижесінде пайда болған:

- қарызды әділ құн бойынша мойындаудан және кіріктірілме туынды құралдарды мойындаудан дисконт өтемпұлынан туындайтын табыстарды көрсету салдарынан, лизинг заттарын табыстау бойынша жоспардың асыра орындалуынан және ағымдағы шоттар бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің көбеюінен, пайыздық табыстар 2 984,9 млн. теңгеге жоспардан көбірек құрылып шыққан;
- кіріктірілме туынды құралдарды әділ құн бойынша қайта бағалаудан құрылған табыстарды көрсетуге байланысты, қаржы құралдары бойынша жоспарланбаған табыстар 1 280,9 млн.теңге құрады;
- лизинг алушылармен қайтарылған лизинг заттарын қайта бағалау нәтижесінде, ұтылған пайданы және жеткізушілерден туындаған айыппұлдарды өтеу бойынша табыстарды көрсетуге байланысты, өзге табыстар 921,7 млн. теңгеге жоспардан көбірек болып шықты.

Шығыстардың жалпы сомасы, жоспар бойынша, 17 023,1 млн. теңге болса, 29 854,9 млн. теңге құрады, 12 831,8 млн. теңге сомасындағы ауытқушылық неізінен келесі факторлардың нәтижесінде құрылып шыққан:

- теңгенің құнсыздануы нәтижесінде, бағамдағы айырма бойынша шығыстар 9 826,9 млн. теңгеге жоспардан көбірек құрылып шықты;
- қарыздарды әділ құн бойынша мойындаудан пайда болатын дисконт өтемпұлынан туындайтын шығыстарды көрсетуге байланысты, пайыздық шығыстар 2 954,5 млн. теңгеге жоспардан көбірек құрылып шықты.

Жоспарлы таза табыс 1 773,1 млн. теңге сомасында болған кезде, таза залал 5 576,7 млн. теңге құрады.

Қаржы нәтижелерінің талдауы



2015 жылы «ҚазАгроҚаржы» АҚ жиынтық табысы 2014 және 2013 жылдармен салыстырғанда, сәйкесінше 23,3% және 70,7%-ға көбейіп, 24 132,5 млн. теңге құрады. Табыстар құрамында 2015 жылы негізгі үлесті пайыздық табыстар алды – 90,2%.

2015 жылы Қоғамның шығыстары 2014 және 2013 жылдармен салыстырғанда, сәйкесінше 74,4% және 162,4%-ға ұлғайып, 29 854,9 млн. теңге құрады.

Шығыстар құрамында 2015 жылы барынша меншікті салмақты бағамдағы айырма бойынша шығыстар – 35,1%, сыйақы төлеуге байланысты шығыстар – 33,8%, резервтер (провизиялар) құру бойынша шығыстар – 16% алады.

2015 жылдың қортындысы бойынша, «ҚазАгроҚаржы» АҚ жағымсыз қаржы нәтиже алған – 5 576,7 млн. теңге сомасында таза залал.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ табыстары мен шығыстарының серпіні, млн. теңге

Көрсеткіштер	2013 ж.	2014 ж.	2014 ж. %-бен 2013 ж.	2015 ж.	2015 ж. %-бен 2013 ж.	2015 ж. %-бен 2014 ж.
Табыстар	14 136,2	19 575,7	138,48	24 132,5	170,71	123,28
Шығыстар	11 377,6	17 122,0	150,49	29 854,9	262,40	174,37
КТС	-247,1	-719,5	291,18	-145,7	58,96	20,25
Таза табыс	3 005,7	3 173,3	105,57	-5 576,7	-185,54	-175,74

Негізгі қаржы көрсеткіштерінің серпіні, млн. теңге

Көрсеткіштер	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.
Активтер	206 561	256 437	285 298
Меншікті капитал, соның ішінде	94 311	101 561,8	95 430
<i>Жарғылық капитал</i>	80 883,5	82 837,2	82 837,2
Міндеттемелер	112 250	154 875,3	189 868,7
Жиынтық табыстар	14 136,2	19 575,7	24 132,5
Жиынтық шығыстар	11 377,6	17 122	29 855
КТС	-247,1	-719,5	-145,7
Таза табыс/залал	3 005,7	3 173,2	-5 576,7
Активтердің табыстылығы (ROA), %	1,68%	1,37%	-2,06%
Капиталдың табыстылығы (ROE), %	3,37%	3,24%	-5,66%

Өзге қаржы ұйымдарымен салыстырғанда, «ҚазАгроҚаржы» АҚ активтерінің пайдалылық көрсеткіш деңгейі әжептәуір төмен, бұл активтердің жоғары пайдалылығы емес, республиканың аграрлық секторын қол жетерлік қаржыландыру болып жарғылық мақсатымен анықталған Қоғамның қызмет ерекшелігіне байланысты.

Бухгалтерлік теңгерімі

Бір жыл ішінде, 2016 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша, Қоғамның активтері 285 298,3 млн. теңге құрай отырып, 11%-ға ұлғайды. Активтерінің өсуі қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешектің 16%-ға және клиенттерге берілген кредиттердің 13%-ға ұлғаюына байланысты туындаған.

Қоғам міндеттемелері 23%-ға ұлғайды және жылдың соңына 189 868,7 млн. теңге құрады. Ұлғаюы Акционердің алдындағы берешектің 6 534,6 млн. теңгеге, кредит ұйымдары қаражаттарының 6 087,6 млн. теңгеге өсу есебінен және 21 992,9 млн. теңге сомасына облигация орналастыру есебінен болды.

Қоғам капиталы 2015 жылдың соңына 2015 жылдың қортындысы бойынша алынған 5 576,7 млн. теңге сомасындағы залалдың нәтижесінде, 2014 жылмен салыстырғанда 6%-ға кеміп, 95 429,6 млн. теңге құрады.

Пайда мен залал туралы есебі

Қоғам 2015 жылы 2014 жылдың қортындысы бойынша, 3 173,3 млн. теңге көлеміндегі пайдаға қарсы 5 576,7 млн. теңге таза залал алды. Залал алуының негізгі факторы Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің валюталық дәлізді жоюы салдарынан және есепті кезеңнің тамыз айында теңгенің еркін құбылмалы режимге көшуі салдарынан АҚШ долларына қатысы бойынша ұлттық валюта бағамының әлсіреуі аясында шетел валютасындағы операциялар бойынша таза шығыстардың 18,4 есе елеулі көбеюі себеп болды.

Бұл ретте, Қоғамның пайда мен залал туралы есебінің табыс бөлігі нашарлануларды көрсетпегенін айтып кеткен жөн. Керісінше, есепті кезеңде Қоғамда қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешектің 25%-ға, клиенттердің кредит-

терінің 18%-ға және кредит ұйымдарындағы қаражаттардың 53%-ға ұлғаюы салдарынан, пайыздық табыстың 24%-дан 21 773,1 млн. теңгеге дейін өсуі байқалады. Сонымен бірге, пайыздық табыстардың ұлғаюы, Акционердің алдындағы берешектің 10%-ға көбеюі және айналымға шығарылған бағалы қағаздар көлемінің 341%-ға елеулі өсуі аясында пайыздық шығыстардың 31%-ға өсуімен ішінара нивелирленген болатын. Сөйтіп, кредитті құнсыздандыруға арналған резервтер мен қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешек шегерілгенге дейінгі таза пайыздық табыс 19%-ға көбейді және тиісті резервтердің 19%-ға өсуін есепке ала отырып, 2015 жыл ішінде 7 055,7 млн. теңге мөлшерінде таза пайыздық табыс алудың сәті түсті, бұл көрсеткіш өткен жылдың көрсеткішінен 19%-ға жоғары. Есепті кезеңде тозу және амортизация шығындары (21%), клиенттерге берілетін кредиттердің болашақтағы ақша ағындарының өзгеруінен болған табыстарды шегергендегі таза залалдар (+14%), өзге операциялық шығындар (+2%), құнсызданудан және резервтер құрудан болған басқа шығындар (+55%) өскен болса, қызметкерлер құрамына жұмсалатын шығыстардың 7%-ға қысқарғаны байқалады. Есепті кезеңде пайдаға салынатын салық бойынша табыстар 80%-ға төмендеді және 146 млн. теңге құрады (2014 жыл – 719,5 млн. теңге).

Қаржы коэффициенттері

2016 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша, пайыздық маржа 3,08%-дан 3,09%-ға дейін көбейді. Есепті кезеңде пайыздық спред те 2,58%-дан 3,06%-ға дейін көбейді. Активтер мен капиталдың пайдалылық көрсеткіштері нашарлады, тоқсан қортындысы бойынша таза залал алу нәтижесінде 2014 жылдың көрсеткіштерімен салыстырғанда, сәйкесінше 2,06% және -5,66% дейін төмендегенін көрсетті. Жыл ішіндегі капиталдың жеткіліктілігі жиынтық активтердің өсуінің капиталдың өсуінен асып түсуіне байланысты болды, 0,4%-дан 0,33%-ға дейін төмендеді. Есепті кезеңде міндеттемелердің қысқаруы салдарынан ағымдағы өтімділік коэффициентінің ұлғайғаны байқалады, - көрсеткіш нормативтік деңгейден жоғары тұр. Абсолюттік өтімділік коэффициенті нормадан жоғары тұр, шапшаң өтімділік көрсеткіші де міндеттемелердің қысқаруы салдарынан нормативке сай келеді.

Қоғамның ағымдағы қаржы жағдайы оның төлем қабылеттілігі туралы және облигация иелерінің алдындағы міндеттемелерді орындау мүмкіндігі туралы куәландырады, бұл ретте АҚШ долларына қатынасы бойынша теңге бағамының әлсіреуі салдарынан бұдан әрі қаржы жағдайының нашарлау қауіп-қатері бар.

2016 жылдың 1 қаңтарына

Қоғамның активтері.

285 298,3

МЛН. ТЕҢГЕ




ТӘУЕКЕЛДЕР



Тәуекелдердің талдауы

Қоғамның қызметін ескере отырып, тәуекелдердің негізгі түрлерінің бірі **кредит тәуекелі** болып табылады, ол салалық тәуекелдерді, соның ішінде: табиғи-климаттық жағдай-

лардың маусымдық тәуекелдерін, дүниежүзілік азық-түлік нарығы жағдаятының өзгеру тәуекелдерін іске асыру арқылы көріне алады.



Сондай-ақ Қоғам өз жұмысында әдеттегідей немесе күтпеген жағдайларда өтеу мерзімі басталған кезде өзінің төлем

міндеттемелерін орындамау тәуекелдеріне – **өтімділіктен айырылу тәуекеліне** ұшырайды.



Қоғамға тән тағы да бір тәуекел – **нарықтық тәуекел** деп аталады, нарықтық параметрлердің қолайсыз өзгеруіне байланысты шығындардың пайда болуы.




Нарықтық тәуекелдің басқарылуы нарықтық тәуекелдердің әрбір түрі бойынша тәуекел лимиттері негізінде жүзеге асырылады. Тәуекел-менеджменті департаменті нарықтық лимиттерді, контрагенттерге арналған лимиттерді есептеуді, бекітуге шығаруды/өзгертуді, мониторингін және Қоғамның белгіленген лимиттерінің (тәуекелдердің рұқсат етілген деңгейлерінің) сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

Нарықтық тәуекелді бағалау үшін, Қоғам стресс-тестілеудің бірқатар үлгілерін, ГЭП-талдауларды, сондай-ақ VaR әдіснамасын қолданады. Ашық валюталық жайғасымның мониторингін жасау мақсатында, әрбір валюта бойынша валюталық жайғасымдар есептеледі.

Валюталық жайғасымның белгіленген лимиттерден асып түсуін болдырмау бойынша тұрақты жұмыс жүргізіледі.

Сонымен бірге, Қоғам қаржы операцияларын жүргізетін немесе жүргізуді жоспарлаған екінші деңгейлі банктердің және шетел банктерінің талдауы тұрақты түрде жүргізіліп тұрады. Контрагент-банктерге арналған лимиттерді есептеу/шығару/бекіту.

Сонымен бірге, Қоғамда жүйенің істен шығуы, қызметкерлердің қателесуі, алаяқтық немесе сыртқы оқиғалардың салдарынан туындайтын тәуекел бар, ол – **операциялық тәуекел**.



- Өзекті қылу тақырыбына ішкі процестер мен процедураларды талдау
- Корпоративтік жұмыс істеу мәдениетін және қызметкердің операциялық тәуекел туралы білім деңгейін арттыру
- Негізгі жұмыс бойынша жоспарлы аттестаттау
- Операциялық тәуекелдер бойынша бірыңғай дерекқор базасын құру
- Ішкі процестерді жүзеге асыру барысында кемшіліктерді немесе қателіктерді талдау.

- IT-тәуекелдерді болдырмауға бағытталған Қоғам қызметкерінің әрекеті сипатталған нормативтік құжаттар құрылған;
- Қызметкерлерді компанияның ақпараттық жүйелері мен құжаттарына өткізуге рұқсат шектелген
- Ақпарат алуға рұқсатты бақылау және ақпараттық жүйелердің осал жерлерінің қорғалуын қамтамасыз ету;
- Резервтегі қуаттылық, яғни ақпараттық жүйелер қамтамасыз етілген;
- Барлық корпоративтік жүйелердің жағдайын қадағалауға мүмкіндік беретін бақылау құралдары енгізілген.

Тәуекелдерді басқару жүйесі

2015 жылы тәуекелдерді корпоративтік басқарудың жүйесін дамыту бойынша салынған күш стресс-тестілеу әдіснамасын жетілдіруге, тәуекелдерді өлшеудің сандық әдістерін ұлғайтуға және анағұрлым тиімді нәтижелерді қамтамасыз ете алатын дағдарыс жағдайында жауап қайтару шараларының кешенін әзірлеуге бағытталған болатын. Нәтижесінде, тәуекелдерді басқару процесі нақты уақыт тәртіптемесіне жақындады.

Қоғамның тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесі кез келген операцияның орындалу кезеңі бойына тәуекелдерді тұрақты бағалау қағидасына негізделген. Тәуекелдердің басқарылуы тәуекелдердің шекті рұқсат етілген дәрежесі мен басқа да бақылау факторлары ескеріле отырып, тұрақты сәйкестендіру, өлшеу және мониторингтеу процестері арқылы жүзеге асырылады. Аталмыш тәуекелдерді басқару процесі Қоғамның табыстылығын тұрақты арттырудың кепілі болып табылады, ал Қоғамның әрбір нақты бір

қызметкері өзінің лауазымдық міндеттерімен түйіндес тәуекелдер үшін жауап береді.

Тәуекелдер мониторингі және оларды бақылау, ең алдымен, Қоғаммен белгіленген лимиттерге негізделген. Мұндай лимиттер қызмет жүргізу стратегиясын және Қоғамның қызмет атқаратын нарық жағдайларын, сондай-ақ Қоғамның қабылдауға әзір тәуекел деңгейін көрсетеді, айта кететіні, жекелеген салаларға ерекше көңіл бөлінеді.

Қоғамның барлық деңгейлері үшін Қоғамның бүкіл құрылымдық бөлімшелеріне ауқымды, қажетті және өзекті ақпаратқа деген қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін таратылатын тәуекелдер туралы әр түрлі есептер жасалады.

Тәуекелдерді басқару үнемі сәйкестендіру, өлшеу және мониторингтеу процесі арқылы жүзеге асырылады



ЖАУАПКЕРШІЛІК



Әлеуметтік

Қоғамның кадр саясаты қызметкерлер құрамын ұзақ мерзімді басқаруға нысаналанған, оның басты мақсаты нақты бір уақыт шеңберінде Қоғамның қажетті сападағы және сандағы еңбек ресурстарына деген қажеттіліктерін толығымен және дер кезінде қанағаттандыру болып табылады. Білікті, ынталы, жоғары мотивацияланған, қарқынды да сапалы жұмысқа нысаналанған жұмыскерлер Қоғамның басты игілігі және ең маңызды бәсекеге қабілеттілік көзі ретінде қаралады.

Тиімді ұйымдық құрылымы мен оңтайлы кадр құрамының болуы кадр саясатын іске асырудың негізі болып табылады. Жұмыскерлердің жоғары кәсіби деңгейі қайта дайындау мен біліктілігін арттыру арқылы, бойындағы бар білімі мен дағдыларын жүйелі түрде жетілдіру арқылы тұрақты оқыту мен біліктілігін арттыру жүйесінде қуатталады және дамиды. Қызметкерледі оқытуға, олардың біліктілігін арттыруға деген Қоғамның қажеттілігі келесідей ішкі және сыртқы факторларға байланысты – бұл: стратегиялық міндеттердің өзгеруі, заңнаманың өзгеруі, жаңа бағдарламалардың енгізілуі, қызметкерлердің кәсіби өсуі және дамуы, олардың алдына жаңа міндеттер мен мақсаттардың қойылуы және т.б.

Осылайша, 2015 жылы оқыту, біліктілікті арттыру жүйесімен 276 қызметкер қамтылған, тәжірибелік және теориялық тәжірибе беру үшін аймақтарға бара отырып, оқытудан өткен, сондай-ақ ақысыз негізде семинарларға бару тәжірибесі қолданылған.

Әлеуметтік саясаттың ойдағыдай іске асырылуы қызметкерлердің мотивациясына және Қоғамның бәсекеге қабілеттілігінің өсуіне және жауапты жұмыс беруші әрі әлеуметтік бағытталған ұйым ретінде беделінің күшеюіне ықпалын тигізеді.

Қоғамда әділдік (белгілі бір жұмыскердің жалақы мөлшерінің жұмсалған еңбек саны мен сапасына сәйкестігі), ашықтық (жеке жалақы мөлшерін анықтаудың айқын қағидаларының болуы) қағидаларына негізденген жұмыскерлерге еңбекақы төлеудің үш фазалы тарифтік кестесі белгіленген. Лауазымдық қызметтағы мөлшерінің өзгеруі қызмет бабындағы орын ауыстыруға, еңбек тиімділігінің өсуіне байланысты болады.

433

2015 жылдың соңына

штаттағы қызметкерлер саны

Экологиялық

«ҚазАгроҚаржы» АҚ еліміздің ауыл шаруашылығына қоршаған орта мен адам денсаулығын жақсартатын, табиғи ресурстарды үнемдеп жұмсауға ықпалын тигізетін, өндіріс тиімділігін, яғни өндірілетін өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыратын «жасыл технологияларды» енгізуге және дамытуға белсенді түрде көмегін тигізеді.

Қазіргі уақытта кейбір қаржыландырылған жобаларда кері осмос жүйесі сияқты – бірегей су тазарту жүйесі, кері қайтарымды дренаж жүйесі, қи мен саңғырықты қайта өңдеуге, жайылымдарды суландыруға арналған биокешендер, сондай-ақ балама энергия көздері (жел генераторлары мен күн батареялары) сияқты «жасыл технологиялар» қолданылады.

Қайырымдылық

«ҚазАгроҚаржы» АҚ халықтың неғұрлым аз қорғалған тобына қайырымдылық көмек көрсетіп отырады, сондай-ақ бейінді коммерциялық емес ұйымдарға (интернат-үйлері, балаларға арналған мектепке дейінгі, орта оқу орындары, кәсіптік-техникалық және жоғары оқу орындары, ғылыми-зерттеу ұйымдары және т.б.) қолдау көрсетіп отырады.

2015 жылы жалпы сомасы 55,0 млн. теңгеге қайырымдылық және демеушілік көмектер көрсетілген

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Қоғамның корпоративтік басқару кодексіне сәйкес, Қоғамның негізгі басқару органдарының – Қоғам Басқармасының, Директорлар кеңесінің және Жалғыз акционерінің арасындағы өзара қарым-қатынастар тиісті уәкілетті органдар арқылы бекітілген корпоративтік процедуралардың шеңберінде жүзеге асырылады. Корпоративтік басқарудың жалпыға ортақ қабылданған қағидаттарын басшылыққа ала отырып, Қоғамда тәуелсіз директорлар институттары, ішкі аудит қызметі жұмыс істейді, Қоғамның Директорлар кеңесінің жанында комитеттер құрылған, корпоративтік хатшының жұмысы жөнге салынған.



Қағидаттар мен тәжірибе

Қоғам корпоративтік басқаруды Қоғам қызметінің тиімділігін арттыру, оның беделін нығайту және өзінің капитал тартуға жұмсайтын шығындарын азайту құралы ретінде қарастырады. Қоғам корпоративтік басқарудың тиісті жүйесін Қазақстан Республикасында заңның ұлықтылығын қамтамасыз етуге қосатын өз үлесі ретінде және қазіргі заманғы экономикадағы және тұтастай алғанда қоғамдағы орнын анықтайтын фактор ретінде қарастырады.

Қоғамды корпоративтік басқару әділеттілік, шындық, жауапкершілік, ашықтық, кәсіпқойлық және құзыреттілік негіздерінде құрылады. Корпоративтік басқарудың тиімді құрылымы Қоғамның қызметінде барлық мүдделі тараптарының құқықтары мен мүдделерін құрметтеуді болжайды және Қоғамның табысты қызметіне, соның ішінде оның құндылығының өсуіне, қаржылық тұрақтылығы мен пайдалылығын қолдауға ықпал етеді.

Корпоративтік басқару қағидаттары Қоғамды басқаруға байланысты туындайтын қарым-қатынастарда сенім тудыруға бағытталған және Корпоративтік басқару кодексінің барлық ережелері мен ұсыныстарының негізі болып табылады. Кодекстің негізін құрайтын қағидаттар:

1. Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты;
2. Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасын тиімді басқару қағидаты;
3. Қоғамның дербес қызметі қағидаты;
4. Қоғамның қызметі туралы ақпараттың ашықтығы мен оны ашудың объективтілігі қағидаттары;
5. Заңдылық пен этика қағидаттары;
6. Мүдделі тараптардың алдындағы жауапкершілік қағидаты.

Диагностика

2015 жылы «ҚазАгро» холдингі ең жақсы халықаралық тәжірибеге сәйкес, алғаш рет Қоғамды корпоративтік басқару диагностикасын жүргізіп, нәтижесінде, дүниежүзілік стандарттарға 58,3% сәйкес келу пайызымен корпоративтік басқару деңгейін анықтаған болатын.

Қоғамды корпоративтік басқаруға жүргізілген бағалауға сәйкес, Директорлар кеңестерінің тиімділігін арттыруға және тәуелсіз директорлардың атқаратын рөлін күшейтуге, сондай-ақ ішкі бақылау жүйесін жетілдіруге, тәуекелдерді басқаруға, стратегиялық және бюджеттік жоспарлауға деген қажеттілік айқындалған болатын.

Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру

Жүргізілген диагностика ұсыныстарының орындалуын басшылыққа ала отырып, Қоғам корпоративтік басқару деңгейін арттыру үшін белсенді іс-қимылдар жүргізеді және іс-қимылдарды одан әрі де жүргізуді жоспарлап отыр. Мысалға, келесі жылы Қоғам 2016–2020 жылдар аралығындағы кезеңге корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспарын бекітуді жоспарлап отыр.

Сапалы мониторинг жүргізу мақсатында, жоғарыда аталған жоспарды орындау, «ҚазАгроҚаржы» АҚ 2011–2020 жылдарға арналған даму стратегиясының түйінді қызмет көрсеткіштерінің бірі болып анықталатын болады және 2017 жылға қарай жоспарланған корпоративтік басқару деңгейі –73,3%, 2018 жылға қарай 83,3% құрайтын болады.

Аталмыш іс-шара Қоғам қызметінің тиімділігін, сондай-ақ жобалы стратегиялық мақсаттар мен міндеттерді кедергісіз іске асыру үшін шешім қабылдау сапалығын арттыруға елеулі ықпалын тигізетін болады. Ең жақсы дүниежүзілік тәжірибелерге сәйкес, қызмет ашықтығы мен корпоративтік басқару, сыртқы және ішкі мақсатты аудитория тарапынан алдын ала сенім көрсету дәрежесін арттыруға мүмкіндік береді, ақыр соңында ұйым акцияларының пайдалылығына және құндылығына, Қоғамның кірістері мен имиджін бірге есепке алғанда, оң серпінге әсерін тигізеді.

Тұтас алғанда, Қоғамның жоспарланған корпоративтік басқару деңгейіне жетуі, ең жоғары халықаралық стандарттарға сәйкес жұмыс істейтін табысты компания болып шығуға мүмкіндік береді.

АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғамның, немесе оның еншілес ұйымдарының меншігіндегі сатып алынған акцияларының саны:


- Жай акциялар - жоқ;
- Артықшылық берілген акциялар – жоқ.
- Қоғамның жай акциясының атаулы құны – бір акция үшін 1 000 теңге.

Есепті кезеңде акцияларды орналастыру жүзеге асырылмаған. Орналастырылған акциялар санының 5 және одан да көп пайызы мөлшеріндегі акцияларға ие акционерлер құрамында өзгерістер болған емес.

Есепті кезеңде акцияларды бастапқы орналастыру бойынша мәмілелер жасалмаған.

Жай атаулы акциялар жарияланған	82 837 204 дана. Жарияланған акциялар шығарылымының мемлекеттік тіркелген күні және шығарылымның мемлекеттік тіркелу нөмірі: 2014 жылғы 6 қараша № А4159
Артықшылық берілген акциялар жарияланған және орналастырылған	Жоқ
Жарияланған акциялардың атаулы құны	Бір жай акцияға 1 000 теңге
Жай атаулы акциялар орналастырылған	82 837 204 дана. Акциялардың орналастырылуы, Бірыңғай тіркеуші жарияланған бағалы қағаздардың есебін жүргізу үшін төленген акцияларды қоғамның дербес шотынан қоғамның акция иелерінің тізілімі жүйесінде жалғыз акционердің «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ дербес шотына есептен шығару арқылы жүзеге асырылады
Акцияларды сатып алу әдісі бекітілген күн	Қоғам сатып алу кезінде акциялардың құнын анықтау әдістемесі «ҚазАгро» ұлттық холдингі» АҚ Директорлар кеңесінің 2007 жылғы 7 қыркүйектегі № 6 сырттай отырыс шешімімен бекітілген
Қоғамның орналастырылатын акцияларының құнын анықтау тәсілі	«Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-II Қазақстан Республикасы Заңының 53-бабы 2 тармағы 3) тармақшасына (бұдан әрі – Заң) сәйкес, егер Заңмен және (немесе) Акционерлік қоғамның Жарғысымен басқасы белгіленбеген болса, онда жарияланған акция саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу), оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады

Ұйымдық құрылымы



Жалғыз Акционер

«ҚазАгроҚаржы» АҚ Жалғыз акционері «Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 11 желтоқсандағы № 220 Жарлығына және «Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 11 желтоқсандағы № 220 Жарлығын іске асыру шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 желтоқсандағы № 1247 Қаулысына сәйкес құрылған «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ болып табылады.

Холдингтің құрылу мақсаты, акциялары оған орналастырылған акцияларға ақы төлеуге берілген, қызметін АӨК саласында жүзеге асыратын акционерлік қоғамдардың инвестициялық активтерінің тиімді басқарылуын қамтамасыз ету арқылы және корпоративтік мәдениетін дамыту арқылы Қазақстанның АӨК дамытуды ынталандыру бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру болып табылады.

Холдингтің миссиясы – нәтижелік, ашықтық және холдингтің құрылымдарын тиімді корпоративтік басқару қағида-даттарында АӨК индустриялық тұрғыда дамытуды ынталандыру бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру.

Холдингтің даму стратегиясында келесі стратегиялық қызмет бағыттары көзделген:

1. Индустриаландыру және әртараптандыру арқылы АӨК-гі еңбек өнімділігін арттыруды ынталандыру.
2. Еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысу.
3. АӨК экспорттық әлеуетін дамытуға және іске асыруға ықпал ету.
4. АӨК субъектілерін қолдау бойынша көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін арттыру.
5. Корпоративтік басқару сапасын және холдинг қызметінің ашықтығын нығайту.



2015 жылдың қысқаша қортындылары:

2015 жылы Холдинг АӨК қолдауға 317,5 млрд. теңге салды, соның ішіндегі несиелендіру көлемі 203,8 млрд. теңгені құрады. Шағын және орта бизнесті несиелендіруге 2015 жылы 177,7 млрд. теңге жұмсалды. 2015 жылы субъектерге берілген кредит саны - 15,5 мың.

Холдингтің кредиттік ресурстары 29 мың адамды жұмыспен қамтуға, соның ішінде 5,9 мың жаңа жұмыс орынын құруға мүмкіндік берді.

Холдингтің инвестициялық қоржынында жалпы құны 318,6 млрд. теңгеге 527 инвестициялық жоба бар.

2015 жылы құны 41,5 млрд. теңге тұратын 92 жоба іске қосылды.

«АӨК-гі бес бірлік ауыл шаруашылығы техникасының төртеуі «ҚазАгро» холдингінің желісі арқылы сатылып алынады. Тек қана 2015 жылдың өзінде фермерлер «ҚазАгроҚаржы» арқылы 4 103 машина сатып алған» – Н. Малелов – ҚазАгро ҰБХ Басқарма Төрағасы



Директорлар кеңесі



**Мұхамәдиева
Айгүл Стаханқызы**

1976 жылы туған, «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары – Директорлар кеңесінің төрағасы, «ҚазАгроҚаржы» АҚ Жалғыз акционерінің өкілі.

Білімі:

- Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті;
- Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің жоғарғы мектебі;
- М. Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы.

Соңғы 3 жылдағы жұмыс тәжірибесі:

- Мамыр 2011 ж. – қазан 2014 ж. – Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары, «Аграрлық Несие Корпорациясы» АҚ, Астана қ.;
- Қараша 2014 ж.– маусым 2015 ж. – Бас директордың бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары, «Самұрық-Қазына» АҚ, Астана қ.;
- Маусым 2015 ж. – қазіргі уақытқа дейін – «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары, Астана қ.



**Избастин Қаныш
Теміртайұлы**

1981 жылы туған, «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма Төрағасы – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

Білімі:

- Ресей СИМ Мәскеу халықаралық қатынастар мемлекеттік институты;
- Орталық-Азия Университеті.

Соңғы 3 жылдағы жұмыс тәжірибесі:

- Қаңтар 2013 ж. – маусым 2014 ж. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқарушы директоры, Астана қ.;
- Маусым 2014 ж. – қыркүйек 2015 ж. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Бас директоры, Астана қ.;
- Қыркүйек 2015 ж. – қазіргі уақытқа дейін – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма Төрағасы, Астана қ.



**Жауымбаев Қанат
Сағындықұлы**

1981 жылы туған, «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарушы директоры – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «ҚазАгроҚаржы» АҚ Жалғыз акционерінің өкілі.

Білімі:

- Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті;
- Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің Магистратурасы;
- Ақтуалды білім беру институты (Болашақ).

Соңғы 3 жылдағы жұмыс тәжірибесі:

- 2009 ж. – қыркүйек 2012 ж. – «Альфа-Банк» АҚ Шағын, орта бизнес департаментінің директоры;
- Қыркүйек 2012 ж. – қараша 2012 ж. – «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма Төрағасының Кеңесшісі;
- Қараша 2012 ж. – қазіргі уақытқа дейін – «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарушы директоры.



**Құрманов
Рүстем Жомартұлы**

1981 жылы туған, «ҚазАгроҚаржы» АҚ Тәуелсіз директоры – Директорлар кеңесінің мүшесі, «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің Әлеуметтік мәселелер, кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитетінің төрағасы, «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің Ішкі аудит жөніндегі комитетінің мүшесі, «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдер жөніндегі комитетінің мүшесі.

Білімі:

- Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті;
- Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің сырттай аспирантурасы.

Соңғы 3 жылдағы жұмыс тәжірибесі:

- 2009 ж. – 2014 ж. – ҚР АШМ Қайта өңдеу өнеркәсібі және агрозық-түлік нарықтарын дамыту жөніндегі департамент басқармасының бастығы, Қайта өңдеу өнеркәсібі және агрозық-түлік нарықтарын дамыту жөніндегі департаменті, Инвестициялық саясат департаменті директорының м.а., Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің төрағасы;
- Ақпан 2015 ж. – қазіргі уақытқа дейін – АӨК Комитеті Хатшылығының басшысы, ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы.



**Орынбаев Ерлан
Бахытұлы**

1982 жылы туған, «ҚазАгроҚаржы» АҚ Тәуелсіз директоры – Директорлар кеңесінің мүшесі, «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің Ішкі аудит жөніндегі комитетінің төрағасы, «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдер жөніндегі комитетінің төрағасы, «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің Әлеуметтік мәселелер, кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитетінің мүшесі.

Білімі:

- Қарағанды Мемлекеттік Техникалық Университеті, Экономика және менеджмент факультеті.

Соңғы 3 жылдағы жұмыс тәжірибесі:

- Қараша 2012 ж. – сәуір 2015 ж. – Ішкі аудит қызметінің басшысы, «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ;
- Сәуір 2015 ж. – қазіргі уақытқа дейін – «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ Корпоративтік басқару және стратегиялық жоспарлау департаментінің директоры.

Директорлар кеңесінің қызметін бағалау

Ең жақсы халықаралық корпоративтік басқару тәжірибесіне сәйкес, 2016 жылы ҚазАгроҚаржыда Директорлар кеңесінің қызметіне бағалау жүргізілді.

Бұл бағалаудың алғаш рет жүзеге асырылғанын ескере отырып, оны тәуелсіз сарапшыларды жұмылдырусыз, «ҚазАгро» холдингі» АҚ корпоративтік басқару саласындағы сертифицикатталған сарапшылар жүргізді, бұл корпоративтік басқару тиімділігі мен ашықтығын қамтамасыз ету бойынша озық талаптарға қайшы келмейді.

Бағалау Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, сондай-ақ ең жақсы халықаралық корпоративтік басқару тәжірибесінің талаптарына, атап айтқанда, ЭЫДҰ корпоративтік басқару қағидаттарына және Ұлыбританияның Корпоративтік басқару кодексіне негізделген «ҚазАгро» холдингі» АҚ Басқармасының 2016 жылғы 13 ақпандағы № 8 шешімімен бекітілген Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес жүргізілген.

Ережеге сәйкес, бағалау технологиясы Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің сауалнамасы мен сұхбатын, сондай-ақ Басқарма Төрағасымен, корпоративтік хатшымен, Ішкі аудит қызметі мен тәуекел-менеджменті құрылымының басшыларымен сұхбатты қамтиды.

Директорлар кеңесінің қызметін бағалау нәтижелері бойынша корпоративтік басқару тәжірибесін одан әрі дамыту бағыттары анықталған болатын, атап айтқанда, Директорлар кеңесінің келесі мәселелерді жетілдіруге белсенді қатысуы:

- стратегиялық жоспарлау;
- ішкі аудит жүйесі;
- тәуекел-менеджменті;
- ішкі бақылау;
- жоғары буын басшыларды тағайындау және оларға сыйақы беру;
- Директорлар кеңесі мен Басқарманың арасындағы өкілеттікті бөлу.

Сонымен бірге, жүргізілген бағалаудың негізінде Директорлар кеңесінің, комитеттер мен корпоративтік хатшының атқаратын қызметтерінің тиімділігін арттыруға және олардың Қоғам қызметіндегі атқаратын рөлдерін күшейтуге бағытталған тәжірибелік іс-шаралар жоспары әзірленген болатын.

Сыйақы

Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысын төлеу тәртібі «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережемен реттеледі, оның шеңберінде Қоғамның Директорлар кеңесінің тек тәуелсіз директорларына ғана сыйақының төленуі айқындалған.

Сыйақының негізгі компоненттері Жалғыз акционердің шешімімен анықталатын тиянақталған сыйақы (тұрақты шама) және Директорлар кеңесінің комитеттеріне мүшелікке және төрағалыққа байланысты болатын қосымша сыйақы (ауыспалы шама) болып табылады.



Директорлар кеңесінің комитеттері

Қоғамның Директорлар кеңесінің жанында 3 комитет құрылған, олардың құзыретіне стратегиялық жоспарлау, кадрлар мен сыйақылар, ішкі аудит, әлеуметтік мәселелер, тәуекелдер және т.б. мәселелер жатады. Директорлар

кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің құзыретіне енетін аса маңызды мәселелерді терең әрі мұқият қарауға және қабылданатын шешімдердің сапасын арттыруға ықпал етеді.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің ішкі аудит жөніндегі комитеті

Ішкі аудит жөніндегі комитеттің атқарымына қаржылық есептілік, сыртқы аудит, ішкі аудит, заңнаманы ұстану, қызмет туралы есептілік және қызметті бағалау мәселелері бойынша ұсыныстарды алдын ала қарау және оларды Директорлар кеңесіне ұсыну жатады.

Комитет мүшелері:

1. Орынбаев Ерлан Бахытұлы, тәуелсіз директор – комитет төрағасы;
2. Құрманов Рүстем Жомартұлы, тәуелсіз директор – комитет мүшесі.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің стратегиялық жоспарлау және тәуекелдер жөніндегі комитеті

Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдер жөніндегі комитетінің атқарымына стратегиялық жоспарлау, инвестициялық және инновациялық қызмет, ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару, қызмет туралы есептілік және қызметті бағалау мәселелері бойынша ұсыныстарды алдын ала қарау және оларды Директорлар кеңесіне ұсыну жатады.

Комитет мүшелері:

1. Орынбаев Ерлан Бахытұлы, тәуелсіз директор – комитет төрағасы;
2. Құрманов Рүстем Жомартұлы, тәуелсіз директор – комитет мүшесі.

**«ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің әлеуметтік мәселелер, кадрлар мен сыйақылар жөніндегі комитеті**

Әлеуметтік мәселелер, кадрлар мен сыйақылар жөніндегі комитетінің атқарымына біліктілік талаптар, кандидаттардың бағалары, сабақтастықты жоспарлау, қызметті бағалау, сыйақы жүйесі және басқа да мәселелер бойынша ұсыныстарды алдын ала қарау және оларды Директорлар кеңесіне ұсыну жатады.

Комитет мүшелері:

1. Құрманов Рүстем Жомартұлы, тәуелсіз директор – комитет төрағасы;
2. Орынбаев Ерлан Бахытұлы, тәуелсіз директор – комитет мүшесі.

Басқарма



Избастин
Қаныш Теміртайұлы

Басқарма Төрағасы

1981 жылы туған.

Білімі:

- Ресей СИМ Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институты;
- Орталық-Азия Университеті.

Соңғы 3 жылдағы жұмыс тәжірибесі:

- Қаңтар 2013 ж. – маусым 2014 ж. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқарушы директоры, Астана қ.;
- Маусым 2014 ж. – қыркүйек 2015 ж. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Бас директоры, Астана қ.;
- Қыркүйек 2015 ж. – қазіргі уақытқа дейін – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма Төрағасы, Астана қ.



Сейтқасымова
Айнұр Ғабдығарқызы

Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары

1976 жылы туған.

Білімі:

- Қарағанды Мемлекеттік Университеті;
- Мемлекеттік университет Экономика жоғарғы мектебі, Мәскеу қ. MBA дәрежесі;
- Экономикалық ғылымдар кандидаты.

Соңғы 3 жылдағы жұмыс тәжірибесі:

- Шілде 2011 ж. – қазан 2013 ж. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Басқарушы директоры, Басқарма мүшесі, Астана қ.;
- Қазан 2013 ж. – сәуір 2014 ж. – «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ инвестициялық жобалар департаментінің директоры, Астана қ.;
- Сәуір 2014 ж. – шілде 2014 ж. «Самұрық Қазына» ҰӘҚ» АҚ Бас директорының бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары, «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС Қадағалау кеңесінің мүшесі, Астана қ.;
- Маусым 2015ж. – қазіргі уақытқа дейін «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары, Астана қ.



Карагойшин
Рустам Тимурұлы

Басқарма Төрағасының орынбасары

1983 жылы туған.

Білімі:

- Халықаралық Бизнес Академиясы (IAB);
- Қазақстан Менеджмент, Экономика және Болжау Институты (KIMEP).

Соңғы 3 жылдағы жұмыс тәжірибесі:

- Қыркүйек 2012 ж. - қазан 2013 ж. «Сбербанк Лизинг Казахстан» ЖШС Бас директорының орынбасары, Астана қ.;
- Қазан 2013 ж. - қараша 2015 ж. «Сбербанк Лизинг Казахстан» ЖШС Бас директоры, Алматы қ.;
- Қараша 2015 ж. – қазіргі уақытқа дейін «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары, Астана қ.



Тұрсынқұлов
Қанат Исмаұлы

Басқарма Төрағасының орынбасары

1973 жылы туған.

Білімі:

- Қазақ мемлекеттік басқару академиясы.

Соңғы 3 жылдағы жұмыс тәжірибесі:

- Тамыз 2010 ж. – шілде 2013 ж. «ҚазАгроӨнім» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары, Астана қ.;
- Шілде 2013 ж. – желтоқсан 2013 ж. - «ҚазАгроӨнім» АҚ Басқарушы директоры;
- Желтоқсан 2013 ж. – қаңтар 2015 ж. – «ҚазАгроӨнім» АҚ Басқарушы директоры – аппарат басшысы;
- Қаңтар 2015 ж. – қазіргі уақытқа дейін «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.



**Джувашев
Асылхан Болатұлы**

Басқарушы директор

1981 жылы туған.

Білімі:

- Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті.

Соңғы 3 жылдағы жұмыс тәжірибесі:

- Мамыр 2011 ж. – қараша 2015 ж. – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары;
- Қараша 2015ж. – қазіргі уақытқа дейін – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарушы директоры – Басқарма мүшесі.

2015 жылы Қоғам Басқармасымен 59 отырыс өткізіліп, Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционердің құзыретіне енетін мәселелердің мақұлданыуын бірге қосқанда, 287 мәселе қаралды. Есепті жылда Басқармамен ішкі нормативтік құжаттар мақұлданды, ірі мәмілелер мен жасалуында мүдделілік бар мәмілелер туралы, қаржы-шаруашылық және өндірістік қызмет туралы, кадр мәселелері туралы, ішкі қызметті реттеу туралы және т.б. шешімдер қабылданды.

Сыйақы

Басшы қызметкерлерге сыйлықақы беру тәртібі мен шарттары Директорлар кеңесінің 29.12.2014 ж. № 30 шешімімен бекітілген «ҚазАгроҚаржы» АҚ басшы қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы беру және оларды әлеуметтік қамтамасыз ету шарттары туралы ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

Аталмыш ережеге сәйкес, басшы қызметкерлерге сыйлықақы беру сапалық және сандық түйінді көрсеткіштердің орындалуы бойынша олардың атқарған жұмысын бағалау арқылы жүзеге асырылады, бұл ретте, есепті жылдағы таза кірістің болуы сыйақы төлеу үшін негізгі шарт болып табылады.

2015 жылдың қортындысы бойынша Қоғамның таза кірісі жағымсыз көрсеткіш көрсеткендіктен, есепті жылда Қоғам басшылығына сыйақы төленген жоқ.

Ішкі бақылау және аудит

Қоғамда Қоғамның Директорлар кеңесіне функционалдық есеп беруге тиіс Ішкі аудит қызметі жұмыс істейді. ІАҚ атқаратын қызметі ІАҚ туралы ережеге және ІАҚ қызметін ұйымдастыруда Этика кодексін, Халықаралық ішкі аудиторлар институтымен белгіленген сапалы стандарттар мен ішкі аудиторлар қызметінің стандарттарын қолдануға негізделген Ішкі аудит қызметін ұйымдастыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Қоғамның ІАҚ жұмысын жетілдіру мақсатында, 2015 жылы нормативтік базаға, соның ішінде ІАҚ туралы ережеге, ішкі аудитті жүзеге асыру және ІАҚ бағалау тәртібіне өзгертулер енгізу бойынша жұмыстар жүргізілген.

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ІАҚ қызметкерлерінің нақты саны 4 адам болған.

ІАҚ негізгі қызмет мақсаты Директорлар кеңесіне Қоғамдағы тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіруге бағытталған тәуелсіз де объективті кепілдіктер мен консультациялар беру болып табылады.

Ішкі аудит қызметінің негізгі атқарымдары:

- тәуекелдерді, корпоративтік басқару саласындағы және Қоғамның, оның ақпараттық жүйелерінің операциялық (өндірістік және қаржылық) қызметі саласындағы ішкі бақылаудың барабарлығын және тиімділігін бағалау;
- белгіленген тәртіпте Қоғамдағы тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесіне бағалау жүргізу;

- Қазақстан Республикасының заңнама талаптарының, Қоғамның ішкі құжаттарының сақталуын, сондай-ақ уәкілетті және қадағалау органдарының берген нұсқауларының, Қоғам органдарының шығарған шешімдерінің орындалуын тексеру және осы талаптарды сақтау мақсатында құрылған жүйелерді бағалау;
- Қоғамның стратегиялық мақсаттары шеңберінде Қоғам бөлімшелерінің алдына қойылған мақсаттарға жетуін қамтамасыз ету үшін олардың қолданатын шараларының барабарлығын бағалау.

2015 жылы Қоғамның Орталық аппаратының 16 құрылымдық бөлімшесі (департаменті) және 2 филиалы аудитпен қамтылды.

ІАҚ және оның басшысының атқаратын қызметінің тиімділігі тоқсан сайын Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Әдістемеге сәйкес бағаланады. ІАҚ қызметі 2015 жылдың қортындысы бойынша Директорлар кеңесімен «тиімді» ретінде бағаланған.




Мүдделер қақтығысын реттеу

Корпоративтік қақтығыстар мен Қоғамдағы мүдде қақтығысының алдын алу және оны реттеу мақсатында, «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңға, Қоғамның Жарғысы мен ішкі құжаттарына, «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 4 қарашадағы № 17 шешіміне сәйкес, «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамындағы корпоративтік

қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу ережелері бекітілген болатын.

Аталмыш ережелер Қоғамдағы қақтығыстарды реттеу тәртібі мен процедурасын, сондай-ақ аталмыш процестердің шеңберінде, Қоғам органдарының, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің іс-қимылдарын реттейді.



Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері қақтығыстарды болдырмау мақсатында, қақтығыс тудыруы мүмкін кез келген іс-қимылдар мен өзара қарым-қатынастардан аулақ болуға міндетті.

Қақтығыс туындаған жағдайда, Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері бұл туралы өзінің тікелей басшысын хабардар етіп, оны реттеу бойынша тиісті шараларды қолдануға міндетті.

Корпоративтік қақтығыс – Қоғамның басқару органдары мен Жалғыз акционердің мүддесіне және Қоғамның қызметіне жағымсыз әсер ететін басқа органдардың арасындағы келіспеушіліктер немесе дау

Мүдделер қақтығысы – қызметкердің немесе лауазымды тұлғаның жеке бас мүддесі оның өзінің лауазымдық міндеттерін әділ орындауға әсерін тигізетін немесе әсерін тигізе алатын жағдай

Корпоративтік этика

Қоғамның алға қойған мақсаттарының маңыздылығын және ауыл шаруашылығында мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша өзіне қабылдап алған міндеттемелердің алдындағы үлкен жауапкершілігін ескере отырып, ҚазАгроҚаржының әрбір қызметкері клиенттермен, ұжыммен, іскер серіктестермен, мемлекеттік билік өкілдерімен өзара қарым-қатынас кезінде келесі корпоративтік этика қағидаттарын басшылыққа алады:

- халықаралық құқықты, заңнаманы және Қоғамның ішкі құжаттарын ұстану;
- әлеуметтік қоғамның адамгершілік қағидаттарын ұстану қағидатын, этикалық нормалар мен міндеттемелерді

мерзімінде орындауға арналған ережелерді басшылыққа алу;

- компанияның беделін нығайту;
- өз міндеттерін жүзеге асыру кезінде сатылас субординацияны ескере отырып, ақыл-парасаттылық, шындық және әділдік қағидаттарын басшылыққа алу;

Басшыларға, қызметкерлерге арналған осы қағидаттар, сондай-ақ мінез-қылық стандарттары мен үлгілері, тәлімгерлік пен тәрбиешілік ережелері өзінің жалпыға ортақ қабылданған дүниежүзілік корпоративтік басқару, этика мен іскерлік мәдениет стандарттарын ұстануын жариялайтын тұтас ұжымның тікелей қатысуымен әзірленген.

Ақпаратты ашу

Қоғамдағы корпоративтік басқару жүйесін жетілдірудің негізгі кезеңдерінің бірі компанияның өзінің алдында болсын, оның акционерлерінің, инвесторларының және басқа да мүдделі тараптардың алдында болсын Қоғамның қызметі туралы ақпаратты ашып көрсету ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз ету болып табылады.

Осылайша, ақпаратты ашуға деген жүйелі көзқарасты қамтамасыз ету үшін, Қоғам Қызмет туралы ақпаратты ашу мен коммерциялық және қызметтік құпияның сақталуын қамтамасыз ету ережелерін бекітті. Аталмыш ережелер Қоғамдағы ақпаратты ашу тәртібін, мерзімін және оны ашуға жауапты тұлғаларды белгілейді, мүдделі тараптар үшін қаржылық есептілік депозитарийінің, қор биржасы-

ның сайттарында және Қоғамның корпоративтік интернет-ресурсында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен Қоғамның облигация иелерінің алдында ашуға жататын ақпараттардың тізбесін анықтайды.

Сонымен бірге, аталған Ережелерде коммерциялық ақпаратты, қызметтік және заңмен қорғалатын басқа да құпияны құрайтын мәліметтер тізбесі ашылып көрсетілген және оларды қорғау шаралары анықталған.



Дивидендтер туралы ақпарат

«ҚазАгроҚаржы» АҚ дивидендтік саясаты туралы ереже «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ Басқармасының 2012 жылғы 20 маусымдағы № 35 шешімімен бекітілген. Қоғамның дивидендтік саясаты келесі қағидаттарға негізделген:

1. Жалғыз акционердің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен, Қоғамның Жарғысымен, оның ішкі құжаттарымен және ең жақсы корпоративтік басқару тәжірибесімен көзделген құқықтарын қатаң сақтау;
2. Дивидендтік төлемақы мөлшерін анықтау кезінде Қоғам мен Жалғыз акционер мүдделерінің теңгерімі;

3. Жалғыз акционердің мүддесін ескеру және оның активтерін барынша көбейту;
4. Дивиденд төлеу туралы шешім қабылдау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғам Жарғысымен белгіленген шектеулерді сақтау;
5. Осы Ережедегі қамтылған Қоғамның дивидендтік саясатын қалыптастыру тәсілдемесі мен негізгі қағидаттарына сәйкес орта мерзімді және ұзақ мерзімді дивидендтік саясатты әзірлеу;
6. Қоғам Басқармасының жоспарланған таза табыс пен дивидендтерге жету уәждемесін қамтамасыз ету.

Соңғы 3 жылдағы төленген дивидендтер туралы мәлімет, мың теңге

Мың теңге	2013*	2014**	2015***
Жыл ішінде жарияланған дивидендтер	302 889	2 705 114	2 855 932
Жыл ішінде төленген дивидендтер	302 889	2 705 114	2 855 932

* «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ Басқармасының 2013 жылғы 29 мамырдағы № 33 шешіміне сәйкес, 2013 жылғы 30 мамырда «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ пайдасына 2012 жыл үшін 302 889 156 теңге сомасында дивиденд төленген.

** «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ Басқармасының 2014 жылғы 9 маусымдағы № 32 шешіміне сәйкес, 2014 жылғы 28 қарашада «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ пайдасына 2013 жыл үшін 2 705 113 781,1 теңге сомасында дивиденд төленген.

***«ҚазАгро» ҰБХ» АҚ Басқармасының 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 29 шешіміне сәйкес, 2015 жылғы 30 қарашада «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ пайдасына 2014 жыл үшін 2 855 932 228 теңге сомасында дивиденд төленген.

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бір акцияның ағымдағы құны – 1 000 теңге. Қоғам акцияға шаққандағы пайданы есептеп шығармайды. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайға бір жай акцияның теңгерімдік құны – 1 149,26 теңге.

Инвесторларға қатысты ақпараттық саясат

Бірнеше жылдар бойы өзінің қызмет ерекшелігіне байланысты, «ҚазАгроҚаржы» АҚ агроөнеркәсіптік кешендегі ірі инвестициялық жобаларды іске асыру бойынша айтарлықтай тәжірибе жинады. Іске асырылған идеялары мен жобаларының маңыздылығын атай отырып, «ҚазАгроҚаржы» АҚ әлеуетті инвесторларға Қазақстан Республикасы агроөнеркәсіптік кешенінің жобаларына, атап айтқанда, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өңдеу салаларының жобаларына қаржы салуды ұсынады.

Әлеуетті инвесторлармен ынтымақтастықты дамыту үшін, «ҚазАгроҚаржы» АҚ инвесторлармен өзара әрекеттесу схе-

масын әзірлеген, ол Қоғамның корпоративтік сайтына орналастырылған. Сонымен бірге, Қоғамның сайтына проблемалық жобалар бойынша ағымдағы жағдай туралы толық ақпаратты (жобаның жағдайы, проблемалары және оны одан әрі іске асыруға қажетті қаржы сомалары туралы ақпаратты бірге қосқанда) қамтитын инвесторлар үшін дайын шешімдер орналастырылған және олар үнемі жаңартылып отырады (мүмкіндігінше фотосуреттері тіркелген, жобалар туралы ақпараттық-талдамалы анықтаманың кестеленген және мәтіндегі нысандары).



ЖОСПАРЛАР

Келесі жылы да Қоғамның қызметі Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2013-2020 жылдарға арналған «Агробизнес-2020» бағдарламасының және Елбасының белгілеп берген «Бес институттық реформаны іске асыру бойынша 100 нақты қадам – Ұлт жоспарының мақсаттары мен міндеттеріне жетуге бағытталған іс-шараларды іске асыруға нысаналанған.

Қоғам мемлекеттік саясатқа сәйкес басым болып табылатын және еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін танылған бағыттарды қаржыландыру бойынша жұмыстарды одан әрі жалғастыратын болады.

Қоғам 2016 жылы республиканың агроөнеркәсіптік кешенін дамытуға барлығы 79,5 млрд. теңге жұмсауды жоспарлап отыр, соның ішінде

1. Іске асырылуы ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын арттыруға және импортты алмастыру деңгейін көтеруге бағытталатын инвестициялық жобаларды қаржыландыруға. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігімен белгіленген Шебер-жоспарлардың басым бағыттары

шеңберінде, Қазақстанның барлық аймақтарында төменде көрсетілгендей 12 инвестжоба бойынша шамамен 75 инвестициялық жобаның іске қосылуын қамтамасыз ету жоспарланып отыр:

- қарқынды бақшаларды қаржыландыру,
- мал бордақылау алаңдарын,
- отандық асыл тұқымды ІҚМ сатып алуды,
- тауарлы-сүт фермалары үшін асыл тұқымды мал бастарының импортын,
- ет комбинаттарын тұрғызуды,
- жылыжай кешендерін құруды,
- жеміс-көкөніс қоймаларын,
- құс фабрикаларын,
- құрама жем зауыттарын тұрғызуды,
- тамшылатып суару қолданылатын жобаларды,
- жаңбырлатқыш жүйелерін,
- бекіре балықтарын өсіру бойынша балық өсіру кәсіпорындарын тұрғызуды.

2016 ж. ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу және лизингке табыстау бойынша іс-шараға Қоғам 34,5 млрд. теңге жоспарлап отыр.

2016 ж. «ҚазАгроҚаржы» АҚ шамамен 75 инвестициялық жобаның іске қосылуын қамтамасыз етуді жоспарлап отыр.

79,5

*МЛРД. ТЕҢГЕНІ
республиканың
агроөнеркәсіптік
кешенін дамытуға жұмсау
жоспарланып отыр*



«100 қадам – Ұлт жоспарының» 60 және 61 қадамдарын орындау шеңберінде, Қоғам 2016 жылы келесі инвестжобаларды іске асыру үшін БЖЗҚ-нан қаражат тартуды жоспарлап отыр, с.і.:

- 60 қадам «Сүт және сүт өнімдері өндірісін дамыту»;
- 61 қадам «Ет өндірісі мен өңдеуді дамыту».

2. Еліміздің машина және трактор паркін жаңарту деңгейін арттыру мақсатында, Қоғам ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу және оны лизингке табыстау бойынша іс-шараларды жүзеге асыруды жоспарлап отыр, соның ішінде: 11,1 млрд. теңге көктемгі-егіс жұмыстарын жүргізуге, 20,6 млрд. теңге егін жинау науқанына және 2,8 млрд. теңге маусымаралық техника сатып алуға. Тұтас алғанда, 2016 жылы осы мақсаттарға 34,5 млрд. теңге қаржының жұмсалуды жоспарланып отыр.

Сонымен бірге, АШТӨ-ге түсетін қаржы жүктемесін төмендету үшін, «ҚазАгроҚаржы» АҚ Беларусь Республикасының Үкіметімен беларус өндірісінің ауыл шаруашылығы техникаларын жеңілдікпен қаржыландыру туралы шарт жасасуды жоспарлауда. Аталмыш Шартқа сәйкес, Беларусь Республикасы «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамына 2016 жылдың соңына дейін 5 жылдан артық емес мерзімге жасалған, мәні Беларусь Республикасында жасалған ауыл шаруашылығы техникасы болып табылатын қаржы лизингі шарттары бойынша лизингтік төлемдердің бір бөлігін өтейді. Лизингтік төлемдерді өтеу мөлшері Қазақстан Республикасында белгіленген қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің 2/3 құрайды. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесі 5,5% құрайтынын ескере отырып, Беларусь Республикасы Үкіметінің қазақстандық аграршылар үшін мөлшерлемені субсидиялау мөлшері 3,67% құрайтын болады.

Айналым капиталын толықтыруға деген қажеттілікті және аграрлық сектордың күннен-күнге өсіп келе жатқан ауыл

шаруашылығы техникасы мен арнаулы техникаға деген сұранысын ескере отырып, «ҚазАгроҚаржы» АҚ АӨК-не инвестицияланған қаражат көлемін ұлғайтуға тырысуда. Орын алған экономикалық жағдайға, теңге девальвациясына, АҚШ доллары мен Ресей рублінің құбылмалылығына байланысты, «ҚазАгроҚаржы» АҚ Ресей рублінде қорландыруды тарту көлемін ұлғайтуды жоспарлап отыр. Аталмыш мақсаттарға «ҚазАгроҚаржы» АҚ 2016 жылы «Ростсельмаш» ЖШҚ техникасын сатып алу мақсатына «РОСЭКСИМБАНК» АҚ-нан, «Сбербанк» АҚ ЕБ, Еуразиялық банктен, «Сити банк» КБ» АҚ-нан қаржыландыру тартуды жоспарлап отыр, сондай-ақ өз күшімен 8 млрд. теңге көлемінде облигация шығарып, оны 5 жыл мерзімге ішкі қор нарығында орналастыру жоспарлануда.

Тұтас алғанда, Қоғам 2016 жылы ішкі және сыртқы нарықтарда шамамен 30 млрд. теңге қаржы тартуды жоспарлауда, бұл қаржы өз алдында АӨК субъектілерін қаржыландыруға жұмсалатын болады.

Еліміздің ауыл шаруашылығындағы орын алған экономикалық жағдайда аграршыларды қолдаудың ең маңызды факторларының бірі қолжетімді қаржылық қызметтерді ұсыну болып табылады. Осыған байланысты, Қоғам 2016 жылы бизнес-процестерді оңтайландыру, өтінімдерді қарау тәртіптерін жеңілдету, қажетті құжаттар санын қысқарту, азық-түлік желісін кеңейту бойынша және т.б. жұмыстарды одан әрі жалғастыратын болады.

Сондай-ақ, бірыңғай корпоративтік автоматтандырылған басқару жүйесін жетілдіру мақсатында, Компания одан да жоғары деңгейге көшуге, сонымен қатар бұрын автоматтандырылмаған бизнес-процестердің (жеткізушілер мен лизинг заттарын есепке алу, тәуекелдерді, проблемалық шарттарды басқару, субсидиялау процесін автоматтандыру және т.б.) жұмысын жетілдіруге мүмкіндік беретін ERP жүйесін қайта енгізуді жоспарлап отыр.



ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК



ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП 2015 жылдың 31 желтоқсанына (мың теңгемен)

	Ескер.	2015 ж.	2014 ж.
Активтер			
Ақша қаражаты мен оның баламалары	5	23.874.332	23.525.825
Несиелік ұйымдардағы қаражат	6	2.549.777	4.043.957
Туынды қаржы активтері	7	1.734.567	468.834
Клиенттерге берілетін несиелер	8	59.739.798	53.044.703
Қаржылық жал бойынша дебиторлық берешек	9	179.633.484	155.525.718
Сатуға арналған активтер	10	508.034	-
Қаржылық жалға арналған мүлік	11	7.594.407	11.726.638
Негізгі құралдар	12	1.078.038	1.082.622
Материалдық емес активтер		227.695	182.528
ҚҚС және өтелуге жататын басқа да салықтар	13	1.554.151	1.288.343
Корпоративтік табыс салығы бойынша ағымдағы активтер		626.732	551.867
Берілген аванстар	14	5.996.446	4.720.656
Басқа да активтер	20	180.819	275.336
Активтер жиыны		285.298.280	256.437.027
Міндеттемелер			
Акционердің алдындағы берешек	15	104.286.082	97.751.437
Несиелік ұйымдардың қаражаты	16	30.424.302	24.336.678
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	17	38.624.394	16.631.461
Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған міндеттемелер	18	2.460.648	2.031.244
Алынған аванстар	19	4.760.927	3.421.569
Мерзімі ұзартылған ҚҚС		2.533.534	2.064.716
Басқа да міндеттемелер	20	6.778.834	8.638.153
Міндеттемелер жиыны		189.868.721	154.875.258
Капитал			
Жарғылық капитал	22	82.837.204	82.837.204
Қосымша капитал	22	22.248.866	18.786.572
Резервтік капитал	22	1.436.184	1.436.184
Шартты бөлу резерві	22	(9.047.665)	(7.885.776)
Жинақталған дефицит / бөлінбеген пайда		(2.045.030)	6.387.585
Капитал жиыны		95.429.559	101.561.769
Міндеттемелер мен капитал жиыны		285.298.280	256.437.027
Бір жай акцияның теңгемен теңгерімдік құны	22	1.149,26	1.223,84

Бір жай акцияның теңгемен теңгерімдік құны

Қаныш Теміртайұлы Избастин

Басқарма Төрағасы

Гүлнар Такишевна Шоданова

Бас бухгалтер



ПАЙДА МЕН ЗИЯНДАР ТУРАЛЫ ЕСЕП
2015 жылдың 31 желтоқсанына
(мың теңгемен)

	Ескер.	2015 ж.	2014 ж.
Пайыздық кірістер			
Қаржылық жал бойынша дебиторлық берешек		14.918.315	11.921.480
Клиенттерге берілетін несиелер		6.032.488	5.090.957
Несиелік ұйымдардағы қаражат		822.340	537.643
		21.773.143	17.550.080
Пайыздық шығыстар			
Акционердің алдындағы берешек		(6.298.616)	(5.707.929)
Кредиттік ұйымдардың қаражаты		(1.782.960)	(1.563.620)
Шығарылған борышқорлық бағалы қағаздар		(2.024.110)	(458.467)
		(10.105.686)	(7.730.016)
Таза пайыздық кіріс			
Қаржылық жалдаудың дебиторлық берешегі мен клиенттерге берілген несиелердің құнсыздану резерві	8	(4.611.789)	(3.886.444)
Несиелердің құнсыздану резервін және қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешектің шегере отырып таза пайыздық кіріс			
Туынды қаржы активтерімен операциялар бойынша таза кірістер	7	1.280.852	946.452
Шетел валютасындағы операциялар бойынша таза шығыстар		(10.489.402)	(570.193)
Басқа кірістер	23	930.326	513.470
Басқа операциялық (шығыстар)/кірістер			
Қызметкерлер құрамының шығыстары	24	(2.355.234)	(2.542.508)
Резервтерді құрудан және құнсыздануынан болған басқа да шығыстар	26	(540.540)	(348.242)
Басқа да операциялық шығыстар	24	(811.297)	(791.664)
Клиенттерге берілген несиелердің келешек ақша ағындарының өзгеруінен түскен кірістерді шегере отырып таза залалдар	25	(647.866)	(567.194)
Амортизация		(144.888)	(120.030)
Пайыздық емес шығыстар			
Корпоративтік табыс салығының шығыстарына дейінгі (зиян)/пайда			
Пайда салығы бойынша үнемдеу	18	145.698	719.547
Есепті жылдағы (зиян)/пайда			
		(5.576.683)	3.173.258

Бір жай акцияның теңгемен теңгерімдік құны

Қаныш Теміртайұлы Избастин

Басқарма Төрағасы

Гүлнар Такишевна Шоданова

Бас бухгалтер



ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП
2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін
(мың теңгемен)

	Ескер.	2015 ж.	2014 ж.
Бір жылдағы (зиян)/пайда		(5.576.683)	3.173.258
Бір жылғы басқа жиынтық кіріс		-	-
Бір жылғы жиынтық (зиян)/кіріс жиыны		(5.576.683)	3.173.258

Бір жай акцияның теңгемен теңгерімдік құны

Қаныш Теміртайұлы Избастин

Басқарма Төрағасы

Гүлнар Такишевна Шоданова

Бас бухгалтер



КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП
2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін
(мың теңгемен)

	Жарғылық капитал	Қосымша капитал	Резервтікка-питал	Шартты бөлу резерві	Жинақталған дефицит / бөлінбеген пайда	Жиыны
2013 жылдың 31 желтоқсанына	80.883.511	12.597.918	1.436.184	(6.525.798)	5.919.441	94.311.256
Есепті жылғы жиынтық кіріс	-	-	-	-	3.173.258	3.173.258
Жарғылық капиталды ұлғайту	1.953.693	-	-	-	-	1.953.693
Акционерден нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша алынған қарыздар бойынша бастапқы мойындаудан болған кіріс (22-ескертпе)	-	6.188.654	-	-	-	6.188.654
Кезеңдегі шартты бөлу бойынша резерв (22-ескертпе)	-	-	-	(1.359.978)	-	(1.359.978)
Төленген дивидендтер (22-ескертпе)	-	-	-	-	(2.705.114)	(2.705.114)
2014 жылдың 31 желтоқсанына	82.837.204	18.786.572	1.436.184	(7.885.776)	6.387.585	101.561.769
Есепті жылғы жиынтық зиян	-	-	-	-	(5.576.683)	(5.576.683)
Акционерден нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша алынған қарыздар бойынша бастапқы мойындаудан болған кіріс (22-ескертпе)	-	3.462.294	-	-	-	3.462.294
Кезеңдегі шартты бөлу бойынша резерв (22-ескертпе)	-	-	-	(1.161.889)	-	(1.161.889)
Төленген дивидендтер (22-ескертпе)	-	-	-	-	(2.855.932)	(2.855.932)
2015 жылдың 31 желтоқсанына	82.837.204	22.248.866	1.436.184	(9.047.665)	(2.045.030)	95.429.559

Бір жай акцияның теңгемен теңгерімдік құны

Қаныш Теміртайұлы Избастин

Басқарма Төрағасы

Гүлнар Такишевна Шоданова

Бас бухгалтер



АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП
2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін
(мың теңгемен)

	Ескер.	2015 ж.	2014 ж.
Операциялық қызметтен болған ақша ағындары			
Түскен пайыздар		16.198.885	12.284.588
Төленген пайыздар		(3.917.832)	(4.240.533)
Туынды қаржы активтерімен операциялар бойынша өткізілген кірістер	7	15.008	513.962
Қызметкерлерге төленген шығыстар		(2.381.558)	(2.502.473)
Басқа да төленген операциялық шығыстар		(815.003)	(780.094)
Басқа да алынған кірістер		923.201	351.889
Шетел валютасындағы операциялар бойынша жұмсалған (шығыстар)/кірістер		(386.220)	69.877
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгертулерге дейінгі операциялық қызметтен болған ақша ағындары		9.636.481	5.697.216
Операциялық активтердің таза (көбеюі)/азаяуы			
Несиелік ұйымдардағы қаражат		1.494.180	9.993.317
Туынды қаржы активтері		111	20.126
Клиенттерге берілетін несиелер		(5.464.672)	(13.130.101)
Қаржылық жал бойынша дебиторлық берешек		(26.983.980)	(36.699.055)
Сатуға арналған активтер		5.895	237.220
Қаржылық жалға арналған мүлік		3.756.988	1.536.682
ҚҚС және өтелетін жататын басқа да салықтар		(265.808)	4.393
Берілген аванстар		(1.330.499)	2.501.345
Басқа да активтер		(16.072)	(258.847)
Операциялық міндеттемелердің таза көбеюі/(азаяуы)			
Алынған аванстар		1.339.358	(334.164)
Басқа да міндеттемелер		(3.519.059)	2.466.019
Табыс салығына дейінгі операциялық қызметтен болған таза ақша ағындары		(21.347.077)	(27.965.849)
Төленген пайда салығы		(74.865)	(379.259)
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза жұмсалуды		(21.421.942)	(28.345.108)
Инвестициялық қызметтен түскен ақша ағындары			
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу		(192.866)	(247.008)
Негізгі құралдарды өткізуден түскен түсім		-	4.703
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза жұмсалуды		(192.866)	(242.305)
Қаржы қызметтен түскен ақша ағындары			
Акционердің алдындағы берешектің ұлғаюынан түскен түсімдер		24.883.416	42.357.332
Акционердің алдындағы берешекті өтеу		(18.107.533)	(19.839.039)
Несиелік ұйымдардан қарыздар алу		6.901.367	13.954.566
Несиелік ұйымдардан алынған қарыздарды өтеу		(14.365.824)	(9.391.204)

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП
2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін
(мың теңгемен)

	Ескер.	2015 жыл	2014 жыл
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша түсімдер		19.984.542	16.196.665
Жарғылық капиталды ұлғайтудан түскен түсімдер	22	-	1.953.693
Төленген дивидендтер	22	(2.855.932)	(2.705.114)
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының таза түсімі		16.440.036	42.526.899
Айырбас бағамдары өзгерістерінің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері		5.523.279	270.597
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза көбеюі		348.507	14.210.083
Есепті жылдың басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	5	23.525.825	9.315.742
Есепті жылдың соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	5	23.874.332	23.525.825

Бір жай акцияның теңгемен теңгерімдік құны

Қаныш Теміртайұлы Избастин

Басқарма Төрағасы

Гүлнар Такишевна Шоданова

Бас бухгалтер



ГЛОССАРИЙ

АӨК – агроөнеркәсіптік кешен

ІҚМ – ірі қара мал

АШТӨ – ауыл шаруашылығы тауар өндірушісі

КЕЖ – көктемгі-егіс жұмыстары

ҚТК – қызметтің түйінді көрсеткіші

АШМ – Ауыл шаруашылығы министрлігі

ТСФ – тауарлы-сүт фермасы

ІАҚ – ішкі аудит қызметі

БАҚ – бұқаралық ақпарат құралы

ОҚО – Оңтүстік Қазақстан облысы

СҚО – Солтүстік Қазақстан облысы

БҚО – Батыс Қазақстан облысы

ШҚО – Шығыс Қазақстан облысы

ROA – активтердің пайдалылығы (ағылш. return on assets)

ROE – меншікті капиталдың пайдалылығы (ағылш. return on equity)

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

ОРТАЛЫҚ АППАРАТ

Мекен-жайы:
Қазақстан Республикасы, 010000,
Астана қ., Кенесары көшесі 51, кқ-4
Қабылдау бөлмесі:
+7(7172)58-04-37, 58-04-38
Сенім телефоны: +7(7172) 580-450
Қатынас қағаздарды қабылдау:
+7(7172) 55-65-33

Факс: +7(7172) 58-04-46
Баспасөз қызметі: +7(7172)58-04-11
Тікелей инвестиция мәселелері
бойынша: +7(7172)55-73-40
Акционермен жұмыс бойынша:
+7(7172)58-04-51
E-mail: mailbox@kaf.kz

Қоғам аудиторы:
«Эрнст энд Янг» ЖШС
Қазақстан Республикасы, 050060,
Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы 77/7,
«Есентай Тауэр» ғимараты
Тел.: +7(727)258-59-60
Факс: +7(727)258-59-61

ҚОҒАМНЫҢ ФИЛИАЛДАРЫ

Ақмола облысы бойынша филиалы

Көкшетау қ., Абай даңғ. 96, каб. 703, 704, 810
Тел.: 8(7162) 91-00-31, 91-00-32, e-mail: akm5@kaf.kz

Алматы қ. бойынша филиалы

Алматы қ., Бөгенбай батыр көшесі 142,
Қайсар БО, 4 қабат
Тел.: 8(7272) 95-93-50, 95-93-51, e-mail: credit_alm2@kaf.kz

Алматы облысы бойынша филиалы

Талдықорған қ., Абылай хан көшесі 125,
Тел.: 8(7282) 55-86-80, 55-86-81, e-mail: almaty@kaf.kz

Ақтөбе облысы бойынша филиалы

Ақтөбе қ., Әбілқайыр хан даңғ. 51/1
Тел.: 8 (7132) 92-11-80,92-11-81, e-mail: akt@kaf.kz

Атырау облысы бойынша филиалы

Атырау қ., Сәтпаев көшесі 13А, 3 қабат
Тел.: 8(7122) 93-00-31, 93-00-32, e-mail: atr@kaf.kz

Шығыс Қазақстан облысы бойынша филиалы

Өскемен қ., Сәтпаев даңғылы, 62
Тел.: 8(7232) 49-24-77, e-mail: vko@kaf.kz

Павлодар облысы бойынша филиалы

Павлодар қ., Крупская көшесі, 71 б
Тел.: 8(7182) 77-00-66, 77-00-68, E-mail: pvl@kaf.kz

Қостанай облысы бойынша филиалы

Қостанай қ., Таран көшесі, 147
Тел.: 8 (7142) 99-97-71, 99-97-72, e-mail: kst3@kaf.kz

Қызылорда облысы бойынша филиалы

Қызылорда қ., Қонаев көшесі 33, 2 қабат
Тел.: 8(7242) 55-13-00, 55-13-02, e-mail: kzl@kaf.kz

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалы

Петропавл қ., Бөкетов көшесі 31А
Тел.: 8(7152) 63-10-30, 63-10-31, e-mail: sko@kaf.kz

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалы

Шымкент қ., Байтұрсынов көшесі н/з, 2 қабат
Тел.: 8(7252) 98-40-10, 98-40-11, e-mail: uko@kaf.kz

Жамбыл облысы бойынша филиалы

Тараз қ., Сүлейменов көшесі, 17
Тел.: 8(7262) 99-92-20, 99-92-23, e-mail: tar@kaf.kz

Батыс Қазақстан облысы бойынша филиалы

Орал қ., С. Датов көшесі, 28
Тел.: 8(7112) 96-00-30, 96-00-31, e-mail: zko@kaf.kz

Қарағанды облысы бойынша филиалы

Қарағанды қ., Бұхар Жырау көшесі 51/1
Тел.: 8(7212) 92-24-07, 92-24-08, e-mail: krg@kaf.kz

